



## ӨМІРДІҢ МӘНІ, ТІРШІЛІКТІҢ СӘНІ



Мемлекет басшысы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған марапаттау рәсімінде сөз сөйледі. Президент салтанатты іс-шараға жиналған барша қауымды көктем мерекесімен шын жүректен құттықтап, әлемге сүйіспеншілікпен қарайтын, жан-жағына жақсылық шарапатын сыйлап жүретін әйелдер қауымына жылы лебізін жеткізді.

– «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Әйел – шаңырақтың шырағы, ұлттың ұйытқысы. Ана – тіршілік пен берекенің бастауы, адамзат бойындағы бар ізгіліктің қайнар көзі. Ананың аялы ала-

каны мен шексіз мейірімі әр үйге жылылық береді. Салт-дәстүріміз бен ана тіліміздің бүгінгі күнге жетуі де, ең алдымен, аналардың арқасы. Өмірдің мәні де, тіршіліктің сәні де – сіздер! Сондықтан бүгінгі мейрамда барша ер-азаматтар өздеріңізге ақ тілегін ар-

нап, ықылас-ілтұпатын білдіріп жатыр. Солардың ішінде мен де Мемлекет басшысы ретінде әйелдерге тілегімді, лебізімді айтып тұрмын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

#### Қымбатты ханымдар!

Баршанызды Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – сұлулық пен мейірімділіктің символына айналған шуақты мереке.

Халқымыз ежелден анасын ардақтап, қыздарын қадірлей білген. Көптеген аруларымыздың есімі төл тарихымызға алтын әріппен жазылған.

Қазір Қазақстанда әйелдер түрлі кәсіппен айналысып, бизнесте және қоғамдық қызметте зор табысқа жетіп жүр. Олар биік белестерді бағындырып қана қоймай, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Барлық әйелдердің адал еңбегі ең жоғары бағаға лайық. Осы сәтті пайдаланып, Қазақстандағы аналар мен арулардың бәріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

Мемлекет әйелдердің құқықтарын қорғауға және барша азаматтың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға әрдайым баса назар аударады.

Жанашырлық, жауапкершілік, жасампаздық сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңірген әйелдер қауымы еліміздегі ауқымды өзгерістерді жүзеге асыруға зор үлес қоса береді деп сенемін.

Баршанызға мықты денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Мемлекет басшысының Жарлығымен қиын-қыстау жағдайда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін Мұса Сайранбайұлы Әбдірайым «Ерлігі үшін» медалімен наградталды.



## ӘЙЕЛ – СҰЛУЛЫҚТЫҢ ӘУЕНІ

Мемлекет басшысы «Әйел – сұлулықтың әуені» атты мерекелік концертті тамашалады.

«Астана Опера» театрында өткен салтанатты кеште елімізге танымал мәдениет қайраткерлері, эстрада жұлдыздары мен түрлі шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті.



## АБАЙДЫҢ ҚЫЗДАРЫ

Абай өзінің өлеңдері мен өсиеттерінде қыз баласына ерекше көңіл бөліп, құрметпен қарағанын аңғаруға болады. Қыз баласына деген тәлім-тәрбиесі де ерекше назар аударатын тұс дер едік. Өзінің кіндігінен туған қыздарын оқытумен бірге жақын-жуықтарының да қыздарын алға шығарып, оқытып, танымын байытуда үлкен еңбек сіңірген. Абайдың қыз баласына деген көзқарасынан оның әке ретіндегі даналығы, әкелік келбет-кескіні ашылары кәдік.

→ 8-9

Гүлдара НҰРЫМОВА,  
Мәжіліс депутаты:

### ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ НЫҒАЙСА, БЕЗБҮЙРЕК БАЛА БОЛМАЙДЫ



Көктем уақыты еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде үлкен мәнге ие. Мәселен, Мәжіліске өткен 8 сайлаудың 4-еуі осы мезгілге тұспа-тұс келген екен. Ал қазіргі VIII шақырылымға сайлау жаңа жүйемен тура екі жыл бұрын 19 наурызда өтіпті. Ондағы 98 депутаттың 18-і – әйел адам. Мерекеге орай осы нәзікжанды халық қалаулыларының ішінен біз «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымованы мерекелік сыр-сұхбатқа тартқан едік.

(Жалғасы 5-бетте)

8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБИ



теген әйелдер лауазымды қызметтер атқарады, Сіздердің араларыңызда да табысты басшылар аз емес. Қыз-келіншектер бизнесте де жетістікке жетіп жүр. Бойларыңыздағы мақсаткерлік пен жасампаздық қуаты ең батыл бастамаларыңызды жүзеге асыруға көмектесіп келеді. Берік азаматтық ұстанымдарыңызды танытып, қоғамдық жұмысқа да жан-жақты атсалысасыздар. Маңызды бастамалар мен халыққа қажетті әлеуметтік жобаларды іске асырып жүрсіздер. Қай іспен айналыссаңыздар да жауапкершілікпен қарап, ұдайы оң нәтижеге қол жеткізіп келесіздер. Әлемдік додаларда топ жарып, еліміздің абыройын асқақтатып жүрген аруларымыз да бар. Біз қажырлы еңбегімен, ерен ерлігімен танылған қыз-келіншектерді мақтан тұтамыз. Тәуелсіздік жылдары өз саласының үздігі атанған 8 әйелге «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланып, білікті мамандардың мәртебесін көтеру үшін белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанына назар аударды.

– Мысалы, мемлекеттік марапаттар жүйесіне жаңадан тоғыз құрметті атақ енгізілді. Бүгін осындай екі марапат алғаш рет тапсырылады. «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» атағы еңбек ардагері Ольга Шелудькоға беріледі. Ал өндіріс озаты Майра Ерманова «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» атанып отыр. Осындай нағыз еңбек адамдарына бүкіл ел болып құрмет көрсетіп, оларды жан-жақты дәріптеуіміз керек. Жұмысшы мамандықтары жылының түпкі мәні де – осы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы еліміздің дамуына елеулі еңбек сіңірген, өз саласында жоғары жетістікке жеткен бір топ әйел азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

# ӨМІРДІҢ МӘНІ, ТІРШІЛІКТІҢ СӘНІ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы халқымызда ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар аз емес екенін алға тартып, олардың есімі ел шежіресіне алтын әріппен жазылғанын айтты.

– Тұмар мен Бопай ханымдардың, Домалақ ана, Зере және Ұлпан аналардың, Әлия, Мәншүк, Хиуаз секілді батыр қыздарымыздың аты ел жадында. Сіздерді ақылы мен ажары, даналығы мен даралығы келіскен қазақ әйелінің ізбасары деуге болады. Әйелдер қауымы күрделі кезеңдерде аянбай еңбек етті, Отанымыздың өсіп-өркендеуіне белсене атсалысты. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Бүгінде сіздер санасы сергек, ойы азат ұрпақ өсіріп, Отанымыздың өркен жаюына айрықша үлес қосып келесіздер. Қазақстанның сан түрлі салада жетістікке жетуіне қыз-келіншектеріміз мол еңбек сіңіруде. Бүгін Ақордаға шақырылған әйелдер арасында Отанымызға әр салада еңбек сіңірген білікті мамандар бар. Мен баршаңызға зор алғыс айтамын! – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аналары алаңсыз қоғамда балалар да бақытты өмір сүреді. Бұл ретте Президент елімізде әйелдердің құқығын қорғау, оларды қолдау бағытында жүргізіліп жатқан игі істерге айрықша тоқталды.

– Ана мен баланың жағдайы дұрыс болса, әлеуметтің жағдайы да дұрыс болады. Сондықтан болашағын ойлаған ел, ең алдымен, әйелдердің жағдайын жақсартуды ойлайды. Мемлекетіміз әйелдерді барынша қорғауға және жан-жақты қолдауға баса мән береді. Осы бағытта нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Менің тапсырмаммен отбасы

институтын нығайтуды көздейтін маңызды шаралар қабылданды. Барлық аймақта қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсететін орталықтар ашылып жатыр. Көпбалалы аналарды қолдаудың ұлттық моделі қалыптасты. Соның арқасында жыл өткен сайын көпбалалы отбасылардың саны артып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір әйелдер түрлі салада табысты еңбек етіп жүргенін атап өтті.

– Мемлекеттік қызметшілердің жартысынан көбі – әйелдер. Білім беру, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың 70 пайыздан астамы да – әйелдер қауымы. Сондай-ақ олар төтенше жағдайлар, қорғаныс және құқық қорғау органдарында табысты жұмыс істеп жүр. Көп-





## ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі лауазымына тағайындау туралы мәселені қарады, күн тәртібіне шығарылған заңдарды мақұлдады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында Амангелді Есенов Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі лауазымына тағайындалды. Дауыс беру кезінде ұсынылған кандидатура Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің отырысында алдын ала талқыланды.

Сонымен қатар палата депутаттары «Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңдарды қарап, мақұлдады. Депутаттар атап өткендей, келісімдерді ратификациялау екі елдің қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқықтық ынтымақтастығының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

«Мақұлданған заңдар Қазақстан мен Қатардың құқық саласындағы ынтымақтастығын нығайтуды көздейді. Келісімдердің ережелері ұстап берудің рәсімдері мен құқықтық көмек көрсету мәселелерін реттейді. Алдағы уақытта аталған заңдар екі елдің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы бірлескен қызметінің тиімділігін арттырады деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Келісімдерде көрсетілетін көмектің тізбесі, одан бас тарту үшін негіздер, құпиялық туралы шарттар және сұрау салуды орындау кезінде алынған мәліметтерді немесе дәлелдемелерді пайдаланудағы шектеулер егжей-тегжейлі айқындалады. Сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушылардың кінәсін дәлелдеу үшін қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу көзделген. Іздестіріліп жатқан адамдарды экстрадициялау,

оның ішінде адамдарды кейінге қалдыру немесе уақытша ұстап беру мәселелері де ескерілді. Уағдаласушы мемлекеттердің өз азаматтарын беруі көзделмейтінін атап өткен жөн.

Сондай-ақ палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Нұрлан Бекназаров шетелдік инвестициялар көлемінің төмендеуіне және инвесторлармен сот дауларының көбеюіне алаңдаушылық білдірді. Оның айтуынша, бұл жағдай ұлттық экономикаға теріс әсер етеді. Осыған байланысты депутат инвесторлардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру және инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу үшін цифрлық жүйелердің интеграциясын жеделдетуді ұсынды.

Андрей Лукин санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметтерінің кәсіпкерлердің жұмысына заңсыз араласуы шағын және орта бизнестің мемлекеттік институттарға деген сеніміне нұқсан келтіретінін айтты. Сенатордың сөзіне қарағанда, Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық органдары тараптардың бірі болып табылатын сот шешімдеріне тұрақты мониторинг жүргізу мәселені шешуге ықпал етпек.

Сұлтанбек Мәкежанов салық және кедендік ақпараттық жүйелерді оңтайландыру туралы ұсыныс жасады. Нақты ауысу жоспарының болмауына байланысты бизнес өзгерістерге алдын ала дайындала алмайды. Бұл айтарлықтай қиындықтарға әкеліп соғуы мүмкін.

Нурия Ниязова педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін тиімді мемлекеттік бақылаудың жоқ екенін сынға алып, осы бағытты жетілдіретін заңнамалық өзгерістерді ұсынды.

## ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттарға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ермек Көшербаевтың Мәжіліс депутаттарының өңірлерге сапары барысында азаматтардан түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың қарау нәтижелері туралы ақпаратын тыңдау ұсынылады.

Сонымен қатар бірінші оқылымда палата тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді, олармен байланысты Салық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін өзгерістерді талқылайды.

Парламент депутаттары ұсынған заң жобалары пәтер иелері кооперативтерінің басқару субъектісі ретіндегі қызметін реттеуге, басқару мен кондоминиум нысанының ортақ мүлкін күтіп-ұстау функцияларын біріктіруге бағытталған. Сондай-ақ тұрғын үй инспекциясының өкілеттіктері мен функцияларын кеңейту, кон-

доминиум нысандарын басқару субъектілерінің қызметіне цифрландыруды енгізу, көппәтерлі тұрғын үйді басқарудың қарапайым серіктестік түрін алып тастау көзделген.

Ілеспе заң жобалары мүлік объектілерін басқару субъектілерінің салық салу тәртібін айқындауды, сондай-ақ өз міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда мүлік объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен құрылыс салушылардың әкімшілік жауапкершілігін күшейтуді қарастырады.

Бұдан бөлек, екінші оқылымда «Акваөсіру туралы» заң жобасы ілеспе түзетулерімен қарастырылатын болады.

Сондай-ақ Мәжіліске міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері және Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы бірқатар халықаралық келісімді ратификациялау туралы жана заң жобаларын жұмысқа алады.

## МӘЖІЛІС СПИКЕРІ КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың қатысуымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиын өтті. Онда палата Спикері нәзікжандыларды төл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.



Қазір Парламент Мәжілісінде 18 әйел депутат бар. Ерлан Қошанов олардың мемлекеттің игілігі жолындағы ерен еңбегі мен заң шығару ісіне қосқан мол үлесін атап өтті.

Жаңа Мәжілістің жасақталғанына 2 жыл толғалы отыр. Мәжіліс Төрағасы осы уақыттың ішінде көп жұмыс атқарылып, маңызды заңдар қабылданғанына ерекше назар аударды.

– Қасым-Жомарт Тоқаев Парламентке үлкен сенім артып отырғанын білесіздер. Халықтың да бізге артар аманаты мен үміті зор. Президенттің сол тапсырмаларын, азаматтардың талап-тілегі мен мұң-мұқтажын сіздер абыроймен атқарып келесіздер. Сол үшін шексіз алғыс айтамын, – деді палата Спикері.

Жиын барысында Ерлан Қошанов биылғы көктем мерекесінде жана дәстүрдің негізі қаланып жатқанын айтты.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер қауымының бірқатар өкілін мемлекеттік наградалармен марапаттау жөнінде арнайы Жарлыққа қол қойды. Олардың қатарында біздің де әріптестеріміз бар. Жаңа ғана Айгүл Құспан Мемлекет басшысының қолынан «Парасат» орденін алды. Тағы бір мәртебелі марапатты Президентіміз маған табыстауды тапсырды. Депутат Ажар Сағындықова бүгін «Құрмет» орденімен марапатталады. Бұл наградалар – Мемлекет басшысының Мәжілістегі арулардың бәріне берген жоғары бағасы деп білемін, – деді Мәжіліс Төрағасы.

8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

# ӘЙЕЛДЕР – ЖАСАМПАЗ КӨШБАСШЫЛАР

Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 120-дан астам белсенді әйел «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты ұйымдастырған «Әйелдер – жасампаз көшбасшылар» атты саяси көшбасшылық бойынша оқу курстарына қатысты. Олар Мәжіліс Спикері, партия Төрағасы Ерлан Қошановпен кездесті.

Кездесуді аша отырып, Ерлан Қошанов жиналғандарды алдағы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауқымды саяси реформаларының арқасында елде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және отбасылық құндылықтарды нығайту мәселелері сапалы жаңа деңгейде шешіліп жатқанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы II республикалық мәслихат депутаттарының форумында атап өткендей, өкілді билік органдарындағы әйелдердің саны өсті, сондай-ақ әйелдердің әртүрлі саладағы бастамалары жан-жақты мемлекеттік қолдауға ие болуда. Партия мүшелерінің шамамен 60%-ын әйелдер құрайды. Бүгінде жаңа саяси жағдайларға қарамастан, «AMANAT» партиясы өз позициясын нығайтуын жалғастыруда. Біздің Әйелдер қанаты партия мен әйелдер қауымдастығы арасындағы шынайы көпірге айналды. Бұл әрбір белсенді әйелдің дауысы естіліп, оның идеялары жүзеге асатынына кепілдік береді. Сонымен қатар Әйелдер қанаты қоғамдық-саяси пікірталастарға әртүрлі көзқарас пен



терендік қосып отыр», – деді ол.

Ерлан Қошанов сондай-ақ «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты мүшелері заң шығару жұмысына белсене қатысып жүргенін атап өтті. Мәселен, олардың ұсыныстары әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу кезінде ескерілді. Бұл заң толық күшіне енді, бүгінде осы саладағы қылмыстық құқықбұзушылықтар едәуір азайды, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы шағымдар саны үштен бірге қысқарды, ел бойынша 69 дағдарыс орталығы мен баспана ашылды. Бұдан бөлек, бүгінде депутаттар талқылап жатқан психологиялық қызмет туралы заң жобасына да көшбасшы әйелдер тарапынан орынды түзетулер енгізілді.

Сондай-ақ партия Төрағасы әйелдердің құқықтарын бұзғаны үшін заңнаманы қатаңдатудың маңыздылығына назар аударды. Соңғы уақытта «калыңдық ұрлау» дәстүрін желеу етіп, кейбір жастар жас қыздардың құқықтарын бұзып, оларды еркінен тыс некеге тұрғызуда. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында ерекше назар аударды. Сондықтан депутаттар «некеге мәжбүрлеу» үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу нормаларын ұсынды. Бұл ретте, Мәжіліс депутаттары Әйелдер қанатынан да ұсыныстар күтеді.

Мәжіліс Спикері Әйелдер қанаты алдында тұрған бірқатар жаңа міндетті де белгіледі. Атап айтқанда, TOMIRIS жобасының ауқымын кеңейтіп, болашақ көшбасшыларды студенттік кезден бастап дайындауға назар аудару

қажет. Ол үшін жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнату керек, әсіресе саясаттану және әлеуметтік мамандықтардың әлеуетіне көңіл бөлу маңызды. Сонымен қатар жобаға қатысушыларды талдамалық жұмысқа белсенді тарту және әйелдер кәсіпкерлігін қолдауды күшейту керек.

Ерлан Қошанов әйелдердің жұмысқа орналасуы мен өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін кеңейтудің, сондай-ақ олардың экономикаға, саясатқа және басқа да салаларға белсенді қатысу мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті.

Іс-шарада сондай-ақ Конституциялық Сот Төрағасы Эльвира Азимова, Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрайымы Аида Балаева, Қазақстандағы Кон-

рад Аденауэр қоры өкілдігінің директоры Виктор Франк сөз сөйледі.

Бұдан кейін өңірлерден келген қатысушылар өз жобалары туралы баяндап, әйелдер көшбасшылығын дамыту жөнінде ұсыныстарын жеткізді. «AMANAT» партиясының Ақтөбе облыстық мәслихатындағы фракциясының жетекшісі Құлпаршын Айдарханова ауыл жастарына өз әлеуетін ашуға және жеке кәсібін бастауға көмектесетін «ДЕМ» жобасы туралы айтып берді. Жамбыл облысының Әйелдер күштері альянсының төрайымы Әмина Қайназарова кәсіпкерлікті жана бастаған әйелдер үшін 3-5 жылға салық жеңілдіктерін енгізуді ұсынды. Атырау облысы Қамыскала ауылдық округінің әкімі Рафиғат Тәжиденова кәсіпкерлік қызмет үшін жер телімдерін бөлу тәртібін жеңілдетуді және бос үйлерді коммерциялық нысандарға айналдыруды ұсынды. Іте-асі Ме қорының директоры Захира Бегалиева цифрландыру мүмкіндіктері туралы айтып, оның ерекше қажеттіліктері бар адамдарға үйден жұмыс істеуге жол ашатынын атап өтті. Петропавлдық Sensitive ансамблінің көркемдік жетекшісі Ольга Ростовщикова есту қабілеті төмен және мүлде естімейтін балаларды әлеуметтендіру жобалары жайында бөлісті. Ал Шығыс Қазақстан облысынан келген, 30 жылдық мемлекеттік қызмет тәжірибесі бар Галина Пахомова адамдармен жұмыс істеудегі кәсіби тәжірибесі және күрделі жобаларды жүзеге асырудағы жетістіктерімен бөлісті.

## ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилибай «AMANAT» партиясының ғимаратында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қоғамдық қабылдауға жүгінген тұрғындар әлеуметтік сала, тұрғын үй және өзге де мәселелерді көтерді.



Қабылдауға келген азаматтың бірі – өңірде 2021 жылы ашылған AiSonic есту аппараттарын шығаратын отандық кәсіпорын өкілі. Ол әлеуметтік порталда өнімді сату ережесіне заңнамалық өзгерістер енгізу туралы ұсыныс білдірді. Облыс әкімі ұсынысты қабылдап, тиісті органдарға хат жолдау жөнінде тапсырма берді.

Сонымен қатар қоғамдық кеңес мүшесі, дәрігер, ҰЕҰ

жетекшісі өңірде жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығын қорғау бойынша бастамасын айтып, үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік грант алу мәселесін жеткізді. Облыс әкімі бұл мәселелерді жауапты басқармалармен пысықтап, Азаматтардың бастамаларын қолдау орталығымен байланыс орнатуды тапсырды.

Қоғамдық қабылдау барысында тұрмыстық жағдайы

төмен азаматтардың да өтініші тыңдалды. Сондай-ақ әкесінен қалған мал-мүлкін туған-туыстары арасында бөлісе алмай жүрген тұрғын да мәселесін жеткізді.

Қоғамдық қабылдауда тұрғындар тұрғын үй кешендеріндегі инфрақұрылымдық мәселелерді де көтерді. «Керуен» кешенінің тұрғындары ғимараттың су кету, суағар жүйесінің дұрыс болмауы, электрмен қамту және құжат мәселелеріне шағымданды. Жауапты мекемелер мәселелерді шешуге уәде беріп, жөндеу және құжаттарды рәсімдеу жұмыстарының мерзімін белгіледі.

Қабылдауда «Мұрагер» тұрғын үй кешенінің үлескерлері де мәселелерін айтты.

Облыс әкімі барлық өтінішті тыңдап, түйткілді сұрақтарды заң аясында шешу үшін жауапты басқармаларға тапсырмалар беріп, тұрғындардың көтерген мәселелерін бақылауға алатынын айтты.

## ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН ТҮЙТКІЛ КӨП

Шым сити шағын ауданының тұрғыны «Эмирмед» медициналық орталығының қызметкерінен дөрекілік көргенін айтып, наразылық білдірді. Бұл мәселе Денсаулық сақтау басқармасының басшылығына жеткізіліп, дөрекілік танытқан қызметкерге жазбаша ескерту берілді.

Ігілік шағын ауданының тұрғыны тұрғын үйге қатысты сұрақ қойып, мемлекеттік бағдарламалар туралы кеңес алды. Депутат оған баспаналы болудың жолдарын түсіндіріп, қажетті ақпаратпен қамтамасыз етті.

Ақтас шағын ауданының тұрғыны газ мәселесі бойынша көмек сұрады. Азаматтың айтуынша, оның жеке есепшоты екі рет тағайындалған. Бұл мәселе бойынша депутат «ҚазТрансГаз» мекемесіне хабарласып, мәселенің толық шешімін табуға көмектесті. Сонымен қатар депутат Лазиз Сулайманов жеке қаражаты есебінен бірреттік әлеуметтік көмек көрсетті.



Бұл қабылдау шарасы қала тұрғындарының өз мәселелерін тиісті органдарға жеткізуіне мүмкіндік беріп, азаматтарға қажетті көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған болатын. «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесі мен депутаттың тұрғындармен тығыз жұмыс істеуі олардың күнделікті мәселелерін тиімді шешуге ықпал етеді.



(Басы 1-бетте)

## Гүлдара НҰРЫМОВА, Мәжіліс депутаты: ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ НЫҒАЙСА, БЕЗБҮЙРЕК БАЛА БОЛМАЙДЫ

— Гүлдара Алданышқызы, сізді және депутаттар корпусындағы әйел азаматшаларды оқырмандар мен редакция атынан бүгінгі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге барлық жақсылықтарды тілейміз, ел дамуы жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын! Сөз басында, өзіңіз қызмет ететін Мәжіліске соқпай кетпей болмас, ендеше төменгі палатаның осы 2 жылдағы жұмысына қандай баға беруге болады деп ойлайсыз?

— Көп рахмет. Иә, көктем келіп, көк тебіндеп, табиғат ана түрленетіні секілді, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде де жаңа бетбұрыстар жасалатыны рас. 2023 жылғы наурыздағы науқанда мен Жамбыл облысындағы бір мандатты №16 аумақтық округ бойынша Мойынқұм, Шу, Қордай, Меркі, Тұрар Рысқұлов, Байзақ және Сарысу аудандарынан VIII шақырылым депутаты болып сайландым. Аталған аудандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайлары бойынша туындаған өзекті мәселелерді шешілу жолдарын қарастырып келемін.

Мәжілістің соңғы екі жылдағы жұмыс қарқыны жоғары. Мәселен, былтырғы жылдың өзін айтар болсақ, 2024 жылы сессия басталғалы 106 заң жобасы қаралды. Оның ішінде, палата 37 заңды қабылдады, оның 19-ына Мемлекет басшысы қол қойған болатын.

Мәжіліс қанаты әлеуметтік әділдік орнатуға бағытталған заңдарды қабылдауда еселі еңбек етіп жатыр. Атап айтқанда, «Ұлттық қор — балаларға» жобасы мен ұрланған активтерді қайтару туралы заңды айрықша атап өтуге болады. Былтырғы жылдың басында балалардың жинақтаушы есепшоттарына алғашқы кіріс түсе бастады. Бұл бұрын болмаған керемет жоба, балалардың алансыз білім алуына жол ашатын жарқын бастама болды. Ал қолды болып, елден заңсыз шығарылған активтер қазынаға қайтарылып, оған маңызды әлеуметтік нысандар тұрғызыла бастады. Сондай-ақ былтыр ел жастарын сырт елдерде білім алуына жағдай жасаған нормалар бекітілді. Бұдан былай халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурс жеңімпаздары «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқуға түсе алады.

— Осы уақытқа дейін депутат ретінде қандай мәселелер көтердіңіз? Қанша депутаттық сауал

жолдадыңыз? Қанша заң жобасын әзірлеуге атсалыстыңыз? Солардың ішінде жүзеге асып жемісін беріп жатқандары бар ма?

— Әртүрлі әлеуметтік, мәдениет пен медицина тақырыбы төңірегіндегі мәселелерді көтеріп келемін. Бүгінге дейін 25 депутаттық сауал жолдадым. 30-ға жуық жұмыс тобының мүшесі болдым. Мәселен, бұған дейін медицина мамандарын даярлау мәселесі көтердім, өйткені кадр жетіспейді. Әсіресе, ауылды жерлерге баратын маман аз. Мәселен, бұрын мамандарды мамандығы бойынша оқыту ұзақтығы 7 жыл болса, бүгінде 10-12 жылға созылады. Арнайы мамандарды (көз дәрігері, ЛОР, хирург, т.б.) жеке мамандықтар бойынша қайта даярлау мерзімі де 4-6 айдан 2 жылға дейін ұзарып кетті.

Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетіндегі әріптестерімізбен бірге лудоманияға қарсы жаңа заң жобасын дайындап, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі туралы заң жобасы мен оған ілесіп түзетулерді бірінші оқылымда мақұлданды. Президент қол қойды. Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы заң жобасы Мәжілісте қаралды. Заң аясында дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету бағыттарына басымдық берілген. Бірнеше бағыттағы заң жобалары Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатымен әзірленді. Ал жұырда Парламент Мәжілісіне мен бастамашыл болған «Колөнер туралы» заң жобасы түсетін болады. «Колөнерді қолдау керек!», «Колөнершілерге қаржы бөлу керек» деп Мәжілісте бірнеше рет депутаттық сауал жолдадым.

Парламент қабырғасында мәселе көтергеннен бөлек, аймақтарды да жиі аралаймыз. Әсіресе, бірмандатты округтен сайланған депутаттар өз өңірлеріне қатысты өзекті проблемаларды көтеріп, аудандарға барады. Менің сайлаушыларым Жамбыл облысындағы №7 ауданнан болғандықтан сол аудандарда тұратын халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, мәселесін көтеру үшін жұмыс сапарымен жиі сапарлаймын. Астын сызып айтатын өзекті проблема бір-екеу ғана емес. Елді алаңдатқан мәселенің барлығы өзекті. Соның ішінде Жамбыл облысында су мәселесі өткір тұр. Менің тікелей араласуыммен, сонына дейін қайта-қайта қозғау салып, ақыры шешімін тауып жатқан жұмыстар

көп. Тұрар Рысқұлов ауданы Жарлысу ауылында, Мойынқұм ауданы Қылышбай ауылында ауызсу мәселелері шешіліп келеді. Ал Шу ауданында суармалы су жоқ болғандықтан, дихандар 6 жыл бойы жерге дән себемей келеді. Нақты айтқанда, Дулат ауылдық округі, Қонаев, Бөлтірік және Баулан Шолақ елді мекендерінде 2019 жылы тозып кеткен 15 су арнасында жөндеу жұмысы басталған. Бірақ құны 3 жарым млрд теңгеге жуықтайтын жоба тұралап қалған. Мердігер түрік компаниясы жұмысына салғырт қарағандықтан шеттетілген. Сондай-ақ Андреевка, Қалғұтты, Киров каналын жаңғырту жұмысы атүсті жүргізілген. Халықпен кездесуге барып, сол жерге Су ресурстары және ирригация министрлігі қызметкері, мердігер ирандық компания өкілі, Ирригациялық-дренаждық жүйелерді жетілдіру (ПУИД) бағдарламасының мамандарын шақырттым. Жиыннан кейін компания тарапы мамырға дейін уақыт сұрады. Көктемнің соңғы айында сапалы су арнасын саламыз деп сендірді. Бүгінде жұмыс жүріп жатыр. Әрине, сонына дейін менің де бақылауымда болады. Одан бөлек, Шу қаласында шұға айналған емхана мәселесі, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің даулы мәселесі оң шешілгенін айта кеткім келеді.

— Енді мереке ғой, әйел затының тақырыбын қозғамай кетпеуге болмас. Жалпы, Қазақстан қоғамында әйел баласының орны қандай деп баға беруге болады? Саяси өмірде, мәселен Мәжілісте, қоғамдық өмірде, басқа да салаларда олар өз мүмкіндіктерін қаншалықты жүзеге асыра алып жатыр деп санайсыз? Әлі де ашылмай жатқан потенциал, айтылмай жатқан проблемалар бар ма?

— Бүгінгі Қазақстан қоғамында гендерлік теңдік кең қанат жайып отыр. Президентіміз де әйелдер қоғам өміріне және елдің жан-жақты дамуына зор үлес қосатынын әрдайым айтып келеді. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдер құқығын қорғау — біздің «AMANAT» партиясының негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл бағытта партияның Әйелдер қанаты белсенді бастамалар көтеріп, жарқын жобаларды жүзеге асырып келеді. Соның бірі — TOMIRIS жобасы. Оған соңғы үш жылда 120-ға жуық әйел қатысып, олардың 35-і мәслихат депутаты атанды. Басты мақсат — қоғамда әйелдердің саяси белсенділігін арттыру. Әйелдер қанатының бастамасымен әйелдер құқығын қорғауға негізделген ауқымды

жұмыстар атқарылып жатыр. Елімізде алғаш рет психологиялық қызмет туралы заң жобасы әзірленді. Ал бюджет саясатына гендерлік бюджеттендіру ұғымы енгізілді. Айта кетейін, бүгінде Әйелдер қанаты 10 басым бағыт бойынша жұмыс жүргізеді. Оның ішінде нәзікжандылардың саяси көшбасшылығын қолдау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ауылдық жерлерде әйелдер бизнесін дамытуға жәрдемдесу, т.с.с. бар.

— Мереке қарсаңында оқырман үшін өзіңіз туралы білген де қызық болар. Өмір жолыңызды медицина саласына арнаған жан екеніңізге қанықпыз. Өзіңіз туралы, отбасыңыз туралы айтып берсеңіз?

— Өзім туралы айтар болсам, өмірбаянымнан бастағаным жөн шығар. Медицина және экономика салалары бойынша ЖОО бітіргенмін. Медицина ғылымдарының кандидатымын. Студенттік шағым Арқа жерінде өтті. 1988 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын терапевт-дәрігер мамандығы бойынша бітірдім. Алғашқы еңбек жолымды Тараз қалалық ауруханасында дәрігер болып бастадым. 1993-1998 жылдары Теміржол ауруханасының дәрігері, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болып, кейін 1999-2020 жылдары «Мейірім» медициналық орталығын ашып, жұмысын жолға қойдым.

Былтыр отбасымының тірегі, отағасы Қайрат екеуіміздің отау құрғанымызға 35 жыл толды. Біздің алтын асықтай екі ұлымыз, ибалы, текті келіндеріміз бен құлдырандап өсіп жатқан немерелеріміз бар. Жұбайым екеуіміз үлкен өмірге аяқ басқан алғашқы жылдары қиындық пен түрлі сынақтан өттік. Дегенмен бір-бірімізге деген қолдаудың арқасында қуанышымыз көбейіп, жеңісіміз артты.

1988 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітіріп, Таразға келген күнім әлі есімде. Қалалық аурухананың Инфаркт бөлімінде жұмыс істеп, интернатураны өтіп жүргем. Сол кезде жақындарының жағдайын сұрай келген сымбатты әрі жайдары жігітпен таныстым. Сол сәт — жарымды жолықтырған күн екен. Жалынды жігіт пен жас қыз бір жылдай кездесіп жүрдік. Содан бері өзілдеп «Жүрек бөлімінде істеп жүріп, жүрегімнің Иесін жолықтырғанмын!» деп айтамын (күлді). Содан бері қос жүрек қатар соғып келеді, шүкір!

Сол өткен жолдар мен өтепелі жылдарға қарап отбасын құру мен сақтауда сыйластық, түсіністік пен төзімділік маңызды екенін

түсінесің. Мені қашанда қолдап, түсіністік танытқан, сүйікті ісімен айналысуға мүмкіндік берген жарыма алғыс. Қайрат мені бизнесте, саясатта, қоғамдық өмірде жеке тұлға болып дамуым үшін дем берді. Отбасымыздың аман-дығы, ошағымыздың бүтіндігі бізді бақытты етеді.

— «Қыз тәрбиесі — ұлт тәрбиесі» деп жатамыз. Жалпы, еліміздегі ұрпақ тәрбиесі мәселесін Мәжіліс депутаттары аз көтеріп жүрген жоқ. Жаһандандудың салдары бар, озық технологиялық процестердің әсері бар, бүгін мен болашақтың сабақтастығы хақына бір сындарлы шақ туып тұрған сияқты. Ендеше ең бірінші кезекте ана ретінде жас ұрпақтың тәрбиесіне қатысты не айтар едіңіз?

— Бүгінгі жаһандану дәуірінде барлық бағытта қарқынды даму, көш ілгері кетудің көріністері анық байқалады. Осындай заманда өмір сүріп жатып ұрпақ тәрбиесін ұмыт қалдыруға болмайды. Жаңаша өмір сүрудің формуласын іздеп, сан-саққа жүгіріп, айрандап ұйып отырған отбасылардың шырқы бұзылып жатқаны да жасырын емес. Білімсіз коучтардың, парықсыз психологтардың «пәтуасына» арбалып, санасы уланып жатқандарды да көріп жүрміз. Ықпалы заманнан қазақ отбасын ене мен келіннің жарасымдығы мен сыйластығы сақтап келеді. Ал дәстүрден жаңылмай, сыйласып өмір сүріп жатқан шаңырақтарды кей жағдайда сөзі сатулы коучтар келіп берекесін бұзып жатыр. Барлығына бірдей топырақ шашудан аулақпын, бірақ олардың біразы бүгінгі буынды қазақы менталитет қабылдай бермейтін қалыпқа салғысы келеді. Мысалы, «Сен ата-анаңа қарайласуға, көмектесуге міндетті емессің, таста да кет!» деген пайымдағы посттар желіде жиі кездеседі. Бұл отбасын бұзуға, ошағынды шайқалтуға шақыратын «үгіт-үндеу» дер едім. Жастар осындай ойлардың жетегінде кетіп, адаптаспа деймін. Отбасы институты нығайған кезде ғана тасбауыр әке, көкек ана, безбүйрек бала болмайды. Ал көктемнің гүлдей жайқалып өсіп келе жатқан жастарымыз — ертенгі ел тұтқалары, сондықтан оларға айтарым өнеген жақсы болсын, сонда ертенге айтар өсиетін де терең болады. Жастар білімге ұмытылу керек. Оқығанның аты оқыған. Сауық-сайранмен жүре беретін уақыт өтті.

— Сөзінде әріптестеріңізге, бүгінгі мереке иелері — әйелдер қауымына не тілек айтар едіңіз?

— Аяулы аналарды, ардақты аруларымызды, қыз-келіншектер қауымын бүгінгі 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әйел-Ана — тіршіліктің тамыры, өмірдің өзегі. Сіздермен әлем жарық, айналамыз шуақты. Бүгінде әйел азаматтар қоғамдық және мемлекеттік жұмыстардың барлық сатысында белсенді. Қыз-келіншектер қауымының еселі еңбегі мен қажырлы қайратының арқасында еліміз гүлденіп, демографиямыз дамып келеді. Сондықтан аруларға айтар алғысым шексіз. Көктеммен бірге келген осынау шуақты мерекеде жүздеріңіз нұрға, жүректіңізді жырға бөленсін! Отбасыларыңыз аман, дендеріңіз сау болсын! Мерекеден мерекеге жете берейік!

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Нұрлан ҚОСАЙ



8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



ЖАНБӨПЕ МЕРГЕНБАЕВА ЖӘНЕ КҮЛӘШ БАЙСЕЙТОВА  
"СОЦИАЛИСТИК ЕҢБЕК ЕРІ" АТАҒЫН АЛҒАН СӘТІ  
1948 ЖЫЛ. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

## А Көктем ҚАРҚЫН

Қазақстанда Социалистік Еңбек Ері атағын алған 1 803 адам бар. Оның 227-сі – әйелдер. Бұл атақ жанкешті қызметтерімен қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығын өрге бастыруға, ғылым мен техниканы дамытуға, даңқын шығаруға ат салысқандары үшін берілді. Социалистік Еңбек Ері атанған әйелдердің көпшілігі еңбек жолын жастайынан бастаған. Олар жұмыс таңдаған жоқ. Ер азаматтармен иық тіресе жүріп, мал да бакты, егін де орды.

### ДАҢҚТЫ МЕХАНИЗАТОР КӘМШАТ ПЕН НҰРБАҚЫТ

Кәмшат Дөненбаева мен еңбек әлдеқашан егіз ұғымға айналып кеткен. Оны білген жан жанкештілік, табандылық, адамгершілік пен қарапайымдылық секілді бүгінгі жақ талдырып айтып жүрген құндылықтардың не екенін іштей ұғынатын. Өткен ғасырдың 60-шы жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру үшін елде жаппай механизаторлар дайындау науқаны басталады.



Кәмшат келін боп түскен Ақсуат ауылында тракторшылар курсы ашылады. Сол курста Кәмшат пен сол ауылдың қызы Құндызай оқып шығады. Архив материалдары анықтағандай, ол 1966 жылы алғаш рет жоспарды екі есе орындап, «МТЗ-5» тракторының алдына жалауша ілген екен. Ол кезде ерлермен қатар трактор руліне отырған қазақ қызы жоқтың қасы еді. Бір күн жұмыстан қалмайтын, көрсеткішін ай сайын жанап отыратын Кәмшат партияның да, басшылардың да назарына ілінеді. Өзгелерге үлгі етіп ұсынуға түсі де, ісінде келіп тұрған Кәмшаттың аты газет-журнал, радио арқылы қазақ даласына желдей есіп жүре берді. 1977 жылы Кәмшат Дөненбаева «Қыз-келіншектер, трактор руліне отырайық!» деген үндеу тастады. Ол осылай бүкіл елдегі механизатор қыздардың

көшін бастады. Еңбекте де, өмірде де ысылды. Талай рет республикалық, одақтық жарыстарда алдына жан салмады. Атап айтсақ, 1972 жылы қайырмасыз соқамен жер жыртуда әйел механизаторлар арасында өткізілген облыстық жарыста бірінші орынға, республикалық жарыста үшінші орынға, 1973 жылы Ростов облысындағы Зерноградта бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болған. 1973 жылы 26 579 гектар, 1974 жылы 38 158 гектар, 1975 жылы 37 199 гектар жер жырттып, жылдық міндеттемелерін асыра орындаған. Қазақ қыздарының ауылшаруашылық техникаларын менгеруіне үлгі өнеге болды. Кәмшат Дөненбаеваға Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломы және «Москвич» автомашинасы берілді. Ол 1974 жылы IX сайланған Жоғары Кеңес депутаты болды. 1990-1993 жылдары кеңшарда қауіпсіздік техникасының инженері, 1993 жылдан шаруа қожалығын басқарады. 1980-1985 жылдары Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1976 жылы адал еңбек, маңдай терінің арқасында Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері атанды.



Кәмшат Дөненбаевадан кейін алып тракторды тізгіндеген аналар көп болды. Солардың бірі – Қарқаралының қайсар қызы Нұрбақыт Қабдыкәрімова. Еңбек жолын 1966 жылы туған ауылында қарапайым жұмыскер болып бастады, қой бағып, шопанның көмекшісі болды. Кейін механизаторлар курсы бітіріп, «МТЗ», «Т-4» тракторларын жүргізді. Қазақ қыздарының арасында «К-700» алып тракторын алғашқы болып тізгіндеді.

### МҰНАЙШЫ НӘБИРА ШАҒЫРОВА

Статистика бойынша, екінші дүниежүзілік соғыс жылдары «Қазақстан мұнай комбинаты» мекемесінде 3 мыңнан астам әйел еңбек еткен. Ал соғыстың аяғына таман мұнай саласында жұмыс

Қоғамның қай саласын алып қарасаңыз да әйел заты ер азаматпен тең еңбек еткен. Әсіресе, социалистік кезеңде еңбек әр азаматтың қоғам алдындағы борышы болды. Осылайша, бір қолымен бесік тербеткен аналар екінші қолымен егін екті, мақта терді, шахтаға түсіп көмір де қазды, трактор да айдады. Ол заманда еңбек адамы үшін Социалистік Еңбек Ері атағынан жоғары құрмет болған жоқ. Біз осы атаққа ие болған аналарымызды түгендедік.

# ІЗГІ ІСІМЕН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

істегендердің 42,5 пайызын нәзікжандылар құраған. Мұнайшы әйелдердің ішінен ең алғаш Социалистік Еңбек Ері атанған – Нәбира Шағырова.

Нәбира қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ол кезде қарапайым отбасыларға балаларын оқыту тым қиынға соғатын еді. Сол себепті, Нәбира төртжылдық біліммен ғана шектелді. Ауру анасы мен қарт әкесіне қолқанатқа жарау үшін жастайынан еңбекке араласады. Өндіріске жұмыс сұрай келген талдырмаш қызды көріп, кәсіпшілік басшылығы алғашында «тым жассың» деп, онымен сөйлеспей қояды. Сол кезде 14 жасар Нәбира өзін екі жылға үлкейтіп, отбасылық жағдайын айтып, кетпей қойған. Талдырмаш қыздың өжеттігі мен қайсарлығын байқаған басшылық

ең жоғары «Социалистік Еңбек Ері» атағын иеленді. Нәбира Шағырова жұмыс істеген учаске 1965-1966 жылдары мұнай өндіру жоспарын 100,7-108,6 пайызға асыра орындап, мемлекетке жоспардан тыс 1 297 тонна сұйық отын берген.

### ЖЫЛҚЫШЫ МАРЖАН МЕН ЖАНБӨПЕ

Өткен ғасырдың 50-ші жылдары жазылып, талай ән кештерінде шырқалған танымал «Маржан қыз» әнінің кейіпкері Маржан Енбаева да Социалистік Еңбек Ері. Ол 1924 жылы Индер ауданы Есбол селосына қарасты «Толыбай» құмында дүниеге келді. Маржан қыз ағасы Шалабай екеуі әкесі Енбайға жылқы бағысты. Кейін 1944 жылы 19 жастағы



оны жұмысқа қабылдаудан басқа амал таппайды.

Байшонас кенішіне май құюшы болып жұмысқа кіріскен қазақтың қаршадай қызы Екінші дүниежүзілік соғыс басталған уақытта мұнайшы операторы мамандығын жедел меңгеріп алады. Жұмысын адал атқарып, жоспарлы тапсырмасын 2-3 есе асыра орындауды да дағдыға айналдырады. Әрбір ұнғыманың дерегін, сипаттамасын, тіпті қай жерде қандай ақау барын жатқа білетін мұнайшы қыз бертін келе екі-үш адамның ісін бір өзі атқаратын деңгейге жетеді. Жұмысына алғыр, тындырымды, тапсырылған істі жауапкершілікпен орындайтын Нәбира аз уақыт ішінде өзге әріптес құрбыларының мақтанышына айналып үлгерді.

Ол 1942 жылдан бастап өмірінің соңына дейін, яғни 27 жыл бойы Байшонас мұнай басқармасында операторлық қызмет атқарды. Көпжылдық тәжірибесімен бөлісуді, жас кадрлар дайындауды «Отан алдындағы борышым» деп ұққан ол жас мұнайшыларды тәрбиелеуіне де атсалысты. Кейін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалмен екі мәрте марапатталды. 1960 жылдың 7 наурызында Нәбира Шағырова

Шалабай соғысқа аттанды. Жылқы бағудың барлық мехнаты енді қаршадай қыз бен әкесіне түсті.

«Әкемді жүнжітіп жібергені жылқының жайы емес, жалғыз ұлының соғыста хабар-ошарсыз кеткені болды. Көзі жұмылғанша «Шалабайым келіп қалар» деп елдендеумен есікке қарап жатты. Ағатайынан қара қағаз келмеген соң мен де үмітімді үзбедім. Бірақ Шалабай сол кеткеннен оралмады», – деген еді Маржан Енбаева өткен күндерді еске алып. Зейнеткерлік жасқа дейін жылқы баққан «Маржан қыз» бағымына 1942-1946 жылдар аралығында 237 құлын сеніп тапсырылған болатын. Еңбегі еленіп, оған 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ол кезде Маржан небәрі 24 жаста еді. Осылайша, Енбаеваның ерлігі елді елең еткізбей қоймады. Оның даңқы республикаға жайылып, бірқатар басылымдардың бас кейіпкері болды. Жылқышы қыз ақындардың да шабытын оятты. Белгілі сатирик ақын Салқыбек Адамбеков Маржанды өлеңіне арқау етіп «Маржан қыз» өлеңін жазып, оған танымал композитор Әбілахат Еспаев ән жазды. Сөйтіп, бұл ән өткен ғасырдың 50-ші жылдарында жұртшылықтың сүйікті әніне айналды.

Ал Социалистік Еңбек Ері, Дүниежүзілік әйелдер форумының делегаты Жанбөпе Мергенбаева туралы көп адам білмейді. Ол 1920 жылы Гурьев уезінің Ембі ауылында туған. Еңбек жолын 1938 жылы Ембі ауданының Ворошилов атындағы колхозында диканшы болудан бастаған. 1942 жылы колхозда жылқышы, 1944 жылы ферма менгерушісі болып жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысы кезінде аянбай еткен еңбегі ескеріліп, 1948 жылы 23 шілдеде бұрынғы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, кеудесіне «Алтын жұлдыз» тақты. Қазақстан Компартиясының V, VIII съездеріне, 1952 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік әйелдер форумына делегат болып қатысып, Брежневпен, Қонаевпен, Сәбит Мұхановпен, Күләш Бәйсейітовамен кездесті. Бірқатар медальдармен марапатталған. 1965 жылдан бастап Бейнеу ауданының Опорный кентінде тұрды.

### САУЫНШЫ ЕКАТЕРИНА ДЕККЕР

Ол – Социалистік Еңбек Ері, екі мәрте «Ленин» орденінің кавалері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екі шақырылымының депутаты, атақты сауыншы. 20 жыл ішінде өз қолымен 1 миллион 230 мың литр сүт сауғаны туралы нақты дерек бар.

Деккер отбасы XX ғасырдың басында Қазақстанға қоныс аударып, Қостанайдан бірнеше шақырым жердегі жылқы зауытына орналасады. Екатеринбургтың ағасы Генрих Антонович пен отбасыны асыраушы әкесін әскер қатарына алып кетті. 12-14 жастардағы бес баламен анасы Анна ғана қалады. Аман қалу үшін балаларға да жұмыс істеу керек болды. Балалардың үлкені Екатерина 14 жаста еді. Ол кезде оқу туралы ойлаудың өзі артық-тын. Басында бұзау баққан Екатерина басқалардан өз жұмысына деген сүйіспеншілігімен ерекшеленді. Құрбылары бордақылауға 100 бұзау алып, 92 бастан артығын күтпеді. Ал Екатерина барлық 100 басты сақтап қалды. Еңбеккерлігі байқалған соң оған сауыншы болу ұсынылды. Журналист П.Чикун Екатерина Деккер туралы «Коммунизм құрылысшысы» газетінде былай деп жазды: «Екатерина Деккер өз ісіне сүйіспеншілік танытып, Отан игілігі үшін жанқиярлық еңбек етті. Ол басқа сауыншылармен тең жағдайда жұмыс істеді, ал нәтижелері бірдей емес-тін. Құпиясы мынада, Катя ұзақ жылдар бойы бір жерде мінсіз қызмет етіп, үлкен тәжірибе жинады. Екатерина Генриховна қандай да бір себептермен таңғы сағат 5-те фермаға келмеген жағдайды ешкім есіне түсіре алмайды. Ферма оның екінші үйіне айналды. Ол өзін фермада қожайын сияқты сезінді».

Күн өткен сайын арамыздағы Социалистік Еңбек Ері атағын алған жандар азайып барады. Ал олардың халқы үшін төккен тері мен адал еңбегі ұрпақ жадында мәңгі жаңғырмақ.



Әйел – өмір тірегі, тіршіліктің тұтқасы. Күллі әлемге шуағын шашып, мейірімнің бесігінде тербейтін нәзікжандылар бүгінде қайсарлық пен өжеттіктің символына айналған. Біз әдетте арулардың жаны гүлдей нәзік деп бағалағанымызбен, шын мәнінде олар кейбір ер азаматтардың қолынан келмейтін ауыр жұмысқа да білек сыбана кірісіп кетеді. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында сондай жандардың бірсыпырасына тоқталғанды жөн көрдік.

# Еңдегі ерен, ТАНЫМЫ ТЕРЕҢ арулар

**А** Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

**ЭНЕРГООРТАЛЫҚТЫҢ  
ГҮЛІ – ГҮЛНАР**



Бүгінде еліміздегі барлық салада нәзікжандылар биік белестерді бағындыруда. Солардың бірі – «Таразэнергоорталығы» АҚ-ның суды химиялық жолмен тазалайтын 5-дәрежелі аппаратшысы Гүлнар Жақашева.

Гүлнар Түлембайқызы еңбек жолын 1995 жылы аталмыш мекемеде суды химиялық жолмен тазалайтын 3-дәрежелі аппаратшы болып бастаған. Өзінің шеберлігінің арқасында біліктілігін 5-дәрежеге дейін көтеріп, қызметін абыроймен атқарып келеді.

30 жылға жуық уақытын осы салаға арнаған кейіпкеріміз – жауапкершілігі мол, қабілетті, ұжымда беделді, әріптестерімен тез тіл табысып жұмыс істей алатын, жақсы қасиеттерімен өзге-



лерге үлгі-өнеге болып жүрген білікті маман.

– Менің жұмысым үнемі ізденісті талап етеді. Технологиялар да күннен-күнге дамып, жаңаша сипатқа ие болып жатқандықтан, соған сай жұмыс істеуге талпынамын. Қазір соның жемісін көріп отырмын, сол үшін еш өкінішім жоқ. Керісінше, туған елімнің гүлденуіне атсалысқаным үшін кеудемді мақтаныш сезімі кернейді, – дейді Гүлнар Түлембайқызы.

**Гүлнар Түлембайқызы еңбек жолын 1995 жылы аталмыш мекемеде суды химиялық жолмен тазалайтын 3-дәрежелі аппаратшы болып бастаған. Өзінің шеберлігінің арқасында біліктілігін 5-дәрежеге дейін көтеріп, қызметін абыроймен атқарып келеді.**

**ТАЗАЛЫҚ САҚШЫСЫ – ЗИНЕП**



Біздің алғашқы кейіпкеріміз – Зинеп Жұбатканова 2014 жылдан бастап «Жасыл ел–Тараз» жауапкершілігі шектеулі серік-

тестігінде жол тазалығын сақтау учаскесінде қызмет атқарып келеді.

– Ең әуелі «Жасыл ел–Тараз» мекемесінің қаламыздың көркеюі мен дамуы жолында атқарып жатқан жұмыстары орасан зор екенін ерекше атап өткім келеді. Серіктестікте жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Әрине, жұмысымыз жеңіл емес. Күннің ыстық-суығына, ауа райының тосын мінезіне қарамастан, бел жазбай еңбек етеміз. Жұмыс барысында кемшіліктер

де кездеседі. Алайда ештеңе істемеген адам ғана қателік жібермейді деп ойлаймын. Бізді көргенде алғыстарын жаудыратын жерлестеріміз де аз емес. Олардың ыстық ықпалын естігенде қанаттанып, жұмысқа деген ынтамыз екі есе арта түседі. Адал еңбекпен тапқан астың дәмі де өзгеше болады. Бастысы, еш жұмысты қиынсынбай, құлшыныспен істесе, жетістігі де мол болмақ. Осы орайда барша әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт тілеймін! – дейді Зинеп Көшербайқызы.



**СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШЕБЕРІ – ЛЮБОВЬ**



Су – өмір нәрі, тіршілік тірегі. Сусыз өмір жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында: «Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр. Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыпты құбылыс», – деген болатын. Сондықтан бұл салада еңбек етіп жүрген қызметкерлердің еңбегі ерен.

Бұл тұрғыда «Жамбыл су» кәсіпорнын ерекше атап өткеніміз абзал. Жарты миллионға жуық тұрғыны бар Тараз қаласындағы су және кәріз жүйесінің 80 пайызы «Жамбыл су» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің теңгерімінде. 1952 жылы құрылған кәсіпорын осы мерзімде талай даму мен дағдарысты кезеңдерді бастан

өткізді. Осы сындарлы кезеңдерден сүрінбей, мекемеде 40 жылға жуық табан аудармай еңбек етіп келе жатқан Любовь Журавлеваның ерлігі де, өрлігі де бір бөлек.

Любовь Николайқызы 1987 жылы сол кездегі «Горводоканал», қазіргі «Жамбыл су» мекемесінің машинисі болып жұмысқа орналасады. Ал 1989 жылы №1 телім хлорлау қондырғысының операторы болып ауысып, бүгінге дейін осында қызмет етіп келеді.

– Жұмысым өзіме ұнайды. Сондықтан саналы ғұмырымның 40 жылға жуық уақытын су шаруашылығына арнағаным бір сәтке де өкінген емеспін. Әрине, әр саланың өз қиындығы бар. Дегенмен ұжымның ауызбіршілігі арқасында соның барлығын еңсеріп келеміз. Әсіресе, соңғы бірер жылдың бедерінде «Жамбыл су» мекемесіне айрықша көңіл бөлінуде. Соның нәтижесінде материалдық базамыз жаңа техникалармен, заманауи аппараттармен толығуда. Ел Президенті өз Жолдауында су шаруашылығына екіпін түсіруі жұмысымызға тың серпін беріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр, – дейді Л.Журавлева.



**P.S.**

Түздің де, үйдің де тірлігін дөңгелетіп, шаруаны ширатып жүрген әйелдер қауымы сонысымен көпке үлгі. Бұрынғының аналары намысын жатқа бермеу үшін қолына қару алып, Отанын қорғаса, бүгінгінің арулары да олардан кем түспей, өңірдің, шаһардың дамуына қомақты үлес қосып келеді. «Әйел – қырық шырақты» деген осы болса керек.



8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

**Абай өзінің өлеңдері мен өсиеттерінде қыз баласына ерекше көңіл бөліп, құрметпен қарағанын аңғаруға болады. Қыз баласына деген тәлім-тәрбиесі де ерекше назар аударатын тұс дер едік. Өзінің кіндігінен туған қыздарын оқытумен бірге жақын-жуықтарының да қыздарын алға шығарып, оқытып, танымын байытуда үлкен еңбек сіңірген. Абайдың қыз баласына деген көзқарасынан оның әке ретіндегі даналығы, әкелік келбет-кескіні ашылары кәдік.**

Абайдың қыздары шетінен ақынның ақыл кенішіне қанғаны, көзі тірісінде бай-манаптың ұрпағы хәм үрім-бұтағы деп қуғын мен қудалауды қатар көрсе де өжеттікпен күрес салғаны үзілмес үлгі-өнеге. Осы бір қайратты жандар білім мен ғылымды, өнер мен мәдениетті әкесі Абайдан сіңіріп қана қоймай, өзі үшін ғана емес өзгенің пайдасы үшін де аянбай тер төккен. Бұл жандар Абайдың қыздары деген аяулы атқа өле-өлгенше лайық болып қазақ ән өнерін, руханияты мен білімін және де өздері жан сала қызмет атқарған салада жанкештілікпен әке Абай сіңірген өсиетті жұлын-жүйкесі мен көңіл-жүрегімен сезінді.

Абай Құнанбайұлының өмірлік серіктері Ділдә мен Әйгерімнен туған қыздары – үшеу. Бірінші әйелі тектінің сарқыты Ділдәдан Құлбадан, Райхан және екінші әйелі, әнші Әйгерімнен туған қызы – Кенже. Абайдың үлкен қызы Құлбадан 1862 жылы туған. Ақынға әкелік сезімді сезіндірген тұңғыштың жалғасы, Абай отбасында шыр етіп өмірге келген екінші сәби осы – Құлбадан. Абай үлкен қызын жастайынан білімге баулып, көп білуіне барынша жағдай жасайды.

Абай Құлбаданды бауыры Мағауиямен қосып, Семейдегі «приходский школаға» оқуға берген. Ескіше сауат ашумен қоса, орыс білімін де сіңірген. Ол гармон аспабында ойнауды да үйренген. Құлбаданның қаладағы оқуының аяқсыз қалуына екі себеп айтылады. Соның бірі: «Абай еркек балаларымен бірге қызын да шоқындырып жүр» деген өсек тарайды. Оған ақын көңіл бөлмесе де, ұлы Мағауия ауыр қабылдап, оқуға жүргелі тұрған шағында әкесіне: «Сабакты жөндеп оқи алмай жүр, өзі ұқпайды, маған бөгет болды» дегенге саяды. Екіншісі, Мағауияның өкпесіне суық тиіп қатты ауырып, ауруханаға түседі. Құлбадан: «Мағауия жазылып школаға барғанша мен де оқымаймын», – деп сабаққа бармай қояды. Бір айдан кейін Мағауия тәуір болып шықса да енді Семейде тұрып оқуға жарамайды, «өкпесі қарайған» деп дәрігер қорытынды шығарады. Сондықтан қырдағы үйіне қайтқан Мағауияға қосылып, Құлбадан да елге оралады.

Құлбадан Абайқызы кейін ел ішіндегі әкесінің замандасы Дүтбай Уандықұлының інісі Дүйсекеге тұрмысқа шыққан. Дүйсеке өлген соң ол әменгерлік жолмен Дүтбай есігін аттайды. Дүйсекеден Хамза деген жалғыз ұлы болса, Дүтбайдан – Мүкен, Мұхтар, Мұштар, Мәкен, Қадияша деген балалар тараған. Жетпіске қараған шағында 1932 жылдары ашаршылық кезеңінде бақиға көшкен.

Ақынның екінші қызы Райхан 1871 жылы, яғни Абайдың 26 жасында дүние есігін ашқан.

Апайы Құлбадан секілді қалаға барып хат танымаса да, әкесі айтқан ақылдан, терең тағылымнан қағыс қалмаған. Аға сұлтан Құнанбай дәстүрімен Өскенбай тұқымы ауыл басына бір молда ұстап, еркек балаларын ескіше оқытуды салт қылған. Алайда Абай жаңадан жол көрсетіп, өзінің қыздары Райхан, Құлбадан, бауыры Ысқақтың қызы Рахима, Ызғұттының қызы Хадиша, Мүрсейіттің қарындасы, Мырзаханның қызы, тағы бірнеше көршілерінің қыздарын Кішкене молдаға оқыттырған. Ескіше сауат ашқан Райхан 1889 жылы Серікбай баласы Құдайбергенге ұзатылады. «Бәрі жолаушы кеткенде әкеммен екеуіміз ғана үйде қалдық. Бұл жылы әкемнің белсеніп қалам жолына кіріскен жылы екен» деп естелік қалдыратын Турағұл сөзі осы тұсқа келеді.

Ел ішінде Райхан Абайқызының әкесіне қатысты естеліктері мен сөздері қалған. Абай құдасының жұртына жиі барып тұрған. Найман еліне арнайы қонаққа барып ақын тоғызқұмалақ ойнаған. Өзі ұтса «ми ұтады ғой», қарсы жағы ұтса «тактай баққан, ойын аңдыған қу ұтады ғой» деп

қыр-сырын ерте жастан ұққан. Тобықты ішіндегі алтыбақан, ойынсауық кештерінде Абай әндерін орындап көпшілік құрметіне бөленсе, тағы бір жағынан әкесі Абайдың ән мұрасының кең етек жаюына, оның халық арасына тарауына көп үлес қосқан. Абайдың ел арасына тараған әндерін нәшіне келтіре орындаған.

Оның әншілік қасиеті жайында Ахмет Әуезов: «Алтыбақан көбінесе Әйгерім апамның ауылында құрылушы еді. Сондағы алтыбақанның иесі Абайдың қызы Кенже болатын. Өзі де әнді сызылтып, әдемі салушы еді. Кенже әнін естіген Мұхтардың жаны тағат таппайтын, сол алтыбақан ойыны ғана емес, ән әуені жанымызды тербеп, билеп алатын» деп еске алады.

Кенже 1914 жылы Мұсабайдың інісі Әубәкірге ұзатылып, үш-төрт



Мәкен ТУРАҒҰЛҚЫЗЫ

# АБАЙДЫҢ



Кемел МАҒАУИЯҚЫЗЫ

елді ду күлдіріп отырады екен. Абайға 1892 жылы бауыры Оспанның, 1895 жылы бауыр еті баласы Әбдірахманның өлімі ауыр тигені белгілі. Қызы Райхан да Абайдың көңіліне дық салып, жүрегіне салмақ түсірген, жеке басының қайғысын арттырып, 1896 жылы дүние өткерген.

Абайдың тағы бір қызы, он баланың кенжесі – 1901 жылы өмірге келген Кенже Абайқызы. Шешесі – ақынның екінші жары, өнерпаз Әйгерім. Кенже де жастайынан алдыңғы әпкелері сияқты ақынның ақыл дариясынан кенде қалмай, бір жағы анасына тартып, өнердің

айдың ішінде күйеуі қайтыс болып жесір қалады. Артынша атақты Ғабитхан молданың шөбересі Сләмғазымен отау көтереді. Бес-алты жыл ішінде екі баласы өмірге келеді. ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары қожа-молданы қудалаған апалаң-топалаң тұсында қуғынға ұшырап, кедейшіліктің зардабын шегіп, Қырғызстан жақта Фрунзеде жүрген ағасы Турағұлды пана тұтып, сонда барады. Бар дүниемүлкі тәркіленіп, Кеңес одағының озбырлығын көрген ағасының да осы кезде маңдайы шылқып жүрмегені анық. Десе де, Кенже Абайқызы 1931 жылы Семейдің Түйе-

мойнақ аралында оққа ұшқан ағасы Мекайылдың балалары Құзайыр, Қалышермен бірге Токпақ деген жерде тұрған. Тұрмыстың тауқыметін көтере алмай, ашаршылық шағында 1932 жылы көз жұмған. Кенжені соңғы сапарға ағасы Турағұлмен бірге сол жаққа қуғындалып барған тағы бірнеше Абай ұрпақтары шығарып салған.

Абай өзінің қыздарын ғана емес, немерелері мен келіндерін де ерекше қамқорлыққа алып, атасы әмбе әкесі ретінде аялы алақанына салып алған. Осындай жандардың бірі – ақынның қырық жасында 1885 жылы өмірге келген немересі Бәкизат Ақылбайқызы. Бәкизат жастайынан ағасы Әубәкір екеуі Оспанның

қызыға оқып, құмарта тындайтын болған. Біз сөз етіп отырған өлеңде кішкене қыздың ерке қылығына қуанған әке мейірі менмұндайды.

Бәкизат 1902 жылы Шаған болысының адамы Сыпатай Молдабайұлына күйеуге шыққан. Өзіне жасау ретінде берілген Абай үйінің, Ұлжан, Еркежанның біраз дүниемүлкін соңғы сағаты сокқанша аялап өткен. Бәкизаттың қызы Бәзила 1948 жылы жаңадан ашылған Абайдың Жидебайдағы музей-үйіне осы аталған жәдігерлерді табыс еткен. Абайдың тұңғышы Ақылбайдың Бәкизаттан басқа Рухия мен Сағадат есімді қыздары болған. Абайдың немересі Сағадат Ақылбайқызы 1908 жылы 24 жасында және Рухия Ақылбайқызы 1920 жылы 23 жасында жастай қайтыс болып кеткен.

Осы тұста жөн-жоралғы бойынша Абайдың немере келіні, Әубәкірдің әйелі Кәмәш (Кәмәлия) туралы да айтқан жөн болар. Ол Абай шаңырағына небәрі 17 жаста келін болып түскен. Кәмәлияға Абайдың көрсеткен әкелік құрметі тіптен бөлек. Естелік қалдырған ол Абайдың кішіге деген ізетін ерекше егіліп еске алады. Бұған қоса, Абай айналасына қатысты және ақынның мінез-машықтары туралы сөз қалдырған. Қайынатасы болса да Абайды өмір бойына «Әке» деп өткен.

Жас күнінен Абай өсиетін ұғынған жан Рахила Әбдірахманқызы 1894 жылы туған. Абайдың ғана емес, бар Алаштың аяулы Әбішіне айналған Әбдірахманның қызы. Рахила Абай әндерін насихаттаушы, ел арасына таратушылардың бірі екеніне талас жоқ. Әкесі Әбіш пен шешесі Мағрипа (Мағыш) жыл аралатып дүние салғанда Рахила тұл жетім қалады. Әжесі Ділдә мен ағасы Мағауияның

**Ел ішінде Райхан Абайқызының әкесіне қатысты естеліктері мен сөздері қалған. Абай құдасының жұртына жиі барып тұрған. Найман еліне арнайы қонаққа барып ақын тоғызқұмалақ ойнаған.**

бауырында, Еркежанның қолында тәрбие көрген. Оспан дүние салғаннан кейін Бәкизаттың тәрбиесі Абайға көшкен. Абайдың Бәкизатқа пейілі ерек болған. Жасынан жазу-сызуға ерек қызына «Бәкизатым шұбарсын» деп өлең арнаған. Ол өлең ақынның кейіннен табылған өлеңдерінде 1961 жылы Абай Құнанбайұлының толық шығармалар жинағында басылған. Бәкизат Абай жазған өлеңдерді



бөйбішесі Дәмөгейдің тәрбиесінде бой жетеді. Ұзатылар мезетінде ойшыл ақынның өлеңдері жазылған қолжазба дәптерді өзімен бірге ала кеткен. Дәл сол дәптерді Абайдың өмірі мен өлеңдерін зерделеуде Мұхтар Әуезов кәдесіне жаратқан.

Рахиланың күйеуі Бәстами Мұсабайұлы – Абай ауылының молдасы Махмұттың шөбересі. 1917 жылы Ойқұдықта көрерменін ойландырған Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебекінде» өнер көрсеткен. Рахиланың қос ұлы Инғам мен Иһсан екінші дүниежүлік соғысқа қатысқан.

Абайдың немересі Уәсила Мағауияқызы – 1890 жылы туған, бір жасынан бастап ақынның өз қолында өскен немересі. Ол да өзге немерелері сияқты Абайдай әкесіндей көрген. Уәсила жастайынан алғыр болып, Абай өлеңдерін бір естігеннен кейін қайталауды қажет етпей жатқа соғатын болыпты. Уәсила әкесі Абайдай өлең шығарған ақын, он саусағынан өнер тамған ісмер кісі болыпты.

Абай туралы жазылған жоқтау жыры 1990 жылы «Боздағым» атты жинаққа енген. Ол Алматыдағы опера және балет театрында ұзақ жылдар бойы тігінші болып, ұлттық киім үлгілерін тігіп, театр өнерінде өзіндік қолтанбасын қалдырды. Әкесі өлгенде он үш жасында жетім қалған Уәсила Абайдың мінез-машығы хақындағы әңгімелері абай-



Уәсила МАҒАУИЯҚЫЗЫ

# ҚЫЗДАРЫ

тану саласының аясын кеңейтіп, ақынның шығармашылығы мен өмір жолы жайындағы сырларды жалпақ жұртқа жарияға шығарды.

1900 жылы туған Кәмила Мағауияқызы – молладан ескіше сауат ашқан ақын немерелерінің бірі. Әйгілі М.Әуезовтің аяулы жары. Зұлмат жылдарында ерлі-зайыптылар ажырасуға мәжбүр болған. Кәмила да Абай әндерін орындаушылардың бірі. Мұхтармен екі айырылған тағдырын арқау етіп жазған арнауларынан ақындық қасиетін, жанының тазалығын әйгілейді. 1932 жылы Уба-Форпост деген жерде ағасы Жағыпардың

Ақылия – Хакім Абай хақында құнды дерек қалдырған асылдың сынығы. Қалибек Қуанышбаевқа Абайдың театр сахнасындағы образын сомдау үшін көп ақыл-көне берген. Турағұлдың қызы, Абайдың өз қолында өскен немересі. Ақылияның шілдеханасында Оразбай құтты болсын айта келіп, Абайға немерелер татулықтың ұйытқысына айналсын деген тілекпен бесік құда болуға өтініш білдіреді. Абайдың өсиеті бойынша Ақылия бойжеткен соң, Оразбайдың Медеу деген баласынан туған Санияз есімді немересіне тұрмысқа шыққан. 1917 жылы



**Ақылия (Ақыш)  
Турағұлқызы (Оразбаева) –  
1901 жылы туған. «Еңлік-Кебек» пьесасының  
алғашқы қойылымы осы Ақылия мен Оразбайдың  
Медеу деген баласынан туған Санияз екеуінің  
некеқиярында Ойқұдықта сахналанған.**



қолында қайтыс болған. Сүйегі Шульба ГЭС-сы салынатын тұста қазып алынып, Ақшоқыдағы Құнанбай әулетінің қорымына қойылған.

Ақылия (Ақыш) Турағұлқызы (Оразбаева) – 1901 жылы туған. «Еңлік-Кебек» пьесасының алғашқы қойылымы осы Ақылия мен Оразбайдың Медеу деген баласынан туған Санияз екеуінің некеқиярында Ойқұдықта сахналанған. Ақылия Алматыдағы Қазақстан Республикасының опера және балет театрында ұзақ жылдар бойы апалы-сіңлілі Уәсила екеуі Абай ауылы, Абай заманы, Тобықты елінің киім үлгілерін тігетін шебер болған.

7 маусым күні Ойқұдықта өткен некелесу тойында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылады. Абай төңірегіндегі Әуез, Әйгерім, Омархан, Шәкәрім, Көкбай сияқты кісілерді жақын біліп өскен Ақылия кезінде М.Әуезовке мол құнды деректер берген.

Бергісі Санияз, арғысы Медеу мен Оразбай шаңырағына Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы қатарындағы Алаш ерлері әрдайым келіп, Ақылия қолынан дәм татқаны тарихи деректерден мәлім. 1918 жылдың қысында Шұнайдың бауырындағы Садыр қыстағында отырған Санияз бен Ақылияның үйінде денсаулығы



Ақылия ТУРАҒҰЛҚЫЗЫ

нашарлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров бір қыс жатып, қымызбен емделіп қайтады. Сұлтанмахмұттың бірқатар жырлары осы кезеңде жазылған. Ақылия ұзақ өмір сүріп, тоқсан жасқа қараған шағында 1990 жылы қайтыс болған.

Ақылияның Абай жайындағы естелік әңгімелері аты мәшһүр актер Қалибек Қуанышбаевтың ақын бейнесін сомдауына көп әсерін тигізді. Ақылияның Абай мен Оразбай ауылдарында орын алған оқиғалар туралы естеліктері бар.

Абайдың көзін көрмесе де Аұлылығы мен ұлағатын ұғынған ұрпақтарының бірегейі Мәкен Турағұлқызы (Мұхамет-

жанова) 1912 жылы туған. Мәкен жастайынан өнерге жақын болғандығынан әкесі Турағұлдан Абай жайында есті сөздерді көп ұққан. Абай әндерін үйреніп, көп ішіне таратқан. Мәкеннің орындауындағы Абай әндері 1930 жылы А. Жұбановтың бастамасымен нотаға түсірілген. 1986 жылы «Өнер» баспасында басылған «Айттым сәлем қаламқас» әндер жинағына Абайдың Мәкен орындап жаздырған 19 әні енген. Абай ұрпақтары ретінде көп қуғынға ұшырап, өмірлік жары сот болып қызмет атқарған Ұлықбек Мұхаметжановпен бірге талай құқайды бастарынан кешкен. Ұлықбек пен Мәкен шаңырағы қуғынға түскен Құнанбай ұрпағына сая болып қолынан келгенше мәуелі бәйтеректей ыстық ұя болғаны шындық.

1928 жылы Ұлықбекке тұрмысқа шыққан кездерде әкесі Турағұл оңтүстік өңірге қарай жер аударылады. Туған әкесі Турағұл Шымкент қаласында осы Мәкеннің қолында соңғы демі үзіледі. Мәкен Турағұлқызының өмір сапары жайлы «Мен Абайды Әке деймін» тақырыбындағы дерек пен дәйекке құрылған кинофильм бар. Мәкен апаның Абайға және оның ақындық әрі туыстық айналасына қатысты айтылған әңгімелері жетерлік. Жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Абайдың соңғы немерелері» деген эссесінде Мәкен Турағұлқызының бар өмірі тасқа басылып, шежіредей шындық шілттері ашылады. Мәкен Турағұлқызы 2000 жылы қайтыс болған.

Бұдан өзге де Абайдың немере-шөберелері және ақынның тәлімін жалғаған жандар есебінде тізімді Зәбилә Әлімқұл-

на қатысты деректі-сарынды әңгімелері мен естеліктері ел жадында сақтаулы.

Мағауияның немересі Ишағы Жағыпарқызы – 1922 жылы туған, соғыс ардагері. Абай жайын зерттеушілерге көптеген мағлұматтар қалдырған. Ишағы Жағыпарқызы Ұлы Отан соғысы жылдарында авиация технигі болып Харбин маңында майданға қатысқан. Ишағы соғысқа қатысқан Абай ұрпақтарының ішіндегі аман оралған екеуінің бірі. Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінде қырық жылға жуық кадр бөлімінде қызмет істеген. 1988 жылы зейнеткерлікке шығып, көзі тірісінде Абай ұрпақтарына қатысты деректердің басылуына күш салды. 2014 жылың 12 маусым күні қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шөбересі, асылдың сынығы Ишағы Жағыпарқызы 92 жасында дүниеден озды.

Ғазел Жағыпарқызы 1927 жылы туып, 2011 жылы қайтыс болған. Кино саласына мамандар даярлайтын училищені бітіргеннен кейін Қазақ мемлекеттік университетіне қабылданып, қоғамдық ғылымдар факультетін бітірген. Ол алғашқыда мұғалім, кейіннен «Қазақфильм» киностудиясында қазақ киносы тарихы музейінің бөлім меңгерушісі сияқты қызметтер атқарған. Бүгінде Абай музейінің қорында майдан даласынан жеткен ағасы Жошыханның Ғазел мен Ишағыға арнап жазған үшбу хаттары сақтаулы.

Абай өзінен туған немесе балаларының баласын бауырына салып қана қоймай көңілі жақын жандардың қыз баласына да қамқоршы болған. Ел ішінің қазағы Алдоңғардың қызы Меңкені асырап алған көрінеді. Сол баласына Абай онашада: «Мен қонақтарға сөйлеп-сөйлеп келіп, «солай ма, Меңке» дермін, сонда сен «солай» де» деп үйретіп қояды екен. Кешке сөз ұғар ма дегендей, адамдар келіп қонақ болғанда қазақтың ойында жоқ, ғылымның үлгілі сөздерін сөйлеп-сөйлеп келіп: «Солай ма, Меңке?» десе, Меңке: «Солай», – дейді екен, сонда әлгі қонақтар: «Япырай, мына баланың ұғып отырғанын қарашы», – деп таңырақп қалысатыны естеліктерден белгілі. Бір жағы ойын түрі болғанымен, баласы етіп отырған Меңкенің осылай да әке Абай абыройын асырып, мейманасын тасытқанын көрсетеді.

Хакім Абайдың әкелік әл-пештеуін көріп, адамдық аялы алақанын сезінген, ұлы ақын рухынан қуат алып, алып Абайдың атына кір шалдырмай өткен қыздарын санамалап шықсаңыз, ұзын саны жиырмадан асып жығылады. Мұның ішінде қыздары мен немерелері, тіпті Абайдың шөберелері мен туыстас ағайындарынан тараған аяулы жандарға тоқталған да дұрыс. Абай өмір сүрген заманда тасқа басылып, хатқа түскен архив материалдарын қарасақ, кейбір ішінара деректерде Абайдың көпбалалы әке ретінде айтылатыны шындық. Бұл дүдәмал дүние емес, Абайдай ақынның әкелік мейір-махаббатына қанған қыздардың қабағат қалың екенін танытады.

**Қуат КИЫҚБАЙ,**  
Абайдың «Жидебай-Бөрілі»  
мемлекеттік  
музей-қорығының бөлім  
меңгерушісі



8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Сан  
ғасырлық тарихы-  
мызда ел бірлігі үшін басын  
бәйгеге тігіп, жерін қорғау үшін  
атқа қонған, бірауыз сөзбен билік  
айтқан дана, батыр аналар жетерлік. «На-  
мысын бермеу үшін жатқа қолдан, Арулар  
аз болды ма атқа қонған» деп Исраил ақын  
айтқандай, атқа қонған арулар мен елге тұтқа  
болған аналар аз емес. Олардың бәрін атап шығу  
мүмкін емес. Десек те, дархан даламыз тек батыр,  
қайсар аналардан бөлек дана, білімді, зерделі,  
жаңашыл арулардан да кенде емес. Солардың бір  
шоғыры Алаш арулары! Ал сол арулардың ішіндегі  
биыл туғанына 130 жыл толатын Мұбина Ниязова  
туралы не білеміз?

#### АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН АРМАН

Ең алғаш қазақ қыздарының арасында ілім-білімге ден қойған ару аналарымыз туралы біршама деректі білеміз. Десек те, есімі жиі атала бермейтін, медицинаға алғаш сара соқпақ салған аналарымыздың бірі — Алаш қайраткері Уәлихан Танашевтың немере қарындасы Мұбина Ниязованы мақаламызға арқау етсек дейміз. Кім десеңіз, Мұбина апамыз қазақ әйелдерінен тұңғыш рет шыққан тіс дәрігері, әрі қоғам қайраткері, Республикалық медициналық колледжіннің тұңғыш (алғашқы) директоры. Ақпан революциясы мен қазан төңкерісінен бұрын қазақ әйелдерінен шыққан тек екі қазақ дәрігері болған. Оның бірі Гүлсім Асфандиярова болса, екіншісі Мұбина Ниязова болатын. Биыл 130 жылдығы аталып өтілетін Мұбина Ибрагимқызы Ниязова (кейде Танашева деп те аталған) 1895 жылы дүниеге келген екен. Өз заманының қиын сынақтарынан өтіп, білім мен ғылымға, халыққа қызмет етуге деген ұмтылысымен қазақ қыздарының үлгісі болған оның өмірі — ұлттық дәстүр мен заманауи идеялардың тоғысуы, ел игілігі үшін күрескен қайраткердің нағыз бейнесі ретінде сипатталады. Мұбина Ибрагимқызы бастауыш білімді Хұсни-Жамал Нұрлыханова басқарған қазақ қыздарына арналған бастауыш училищеден алған екен. Орда мектептерінің оқу инспекторы болған Вознесенскийдің: «Қазақ қыздарының оқуға деген қабілеті, ынта-зейіні, үлгерімі керемет болды» деген сөзі сол кездегі қазақ қыздарының алғырлығының бір дәлелі болса керек. Қазан төңкерісіне дейін жабылып қалмай жұмысын жалғастырып келген бұл мектеп түлектері арасынан шыққан қоғам қайраткерлері — Аққағаз Досжанова, Алма Оразбаева, қазақ қыздарынан тұңғыш металлургия инженері Мәдина Бегалиевалар түлеп шығыпты. 1905 жылы Мұбина кезік (жұқпалы сүзек) ауруымен қатты ауырады. Ол кезде ауылда ауруларды емдейтін дәрігерлер болмаған, тек бір фельдшерлік пункт болған. Ауру жас қыздың қызуы тым жоғары болады да, фельдшер аурудың қызуын түсіре алмаған. Мұбинаның әкесі

Ибрагим қолы ұзын бай шаруа болғандықтан қызын тезінен Астрахань қаласындағы ауруханаға тездетіп жеткізуге мәжбүр болады. Ол кезде Каспий теңізінің жағасындағы балық кәсіпкерлігімен айналысып жүрген Бекмұхаммедовтар мен Танашевтар әулетіне ең жақын қала — Астрахань қаласы еді. Бұл туралы Мұбина анамыздың немерелес бауыры Елтай Танашевтен сұрап білдік. Мұбина әжесі туралы бірнеше еңбектердің авторы бізге қайсар қазақ қызының өмір дерегінен бірнеше ақпараттарды ұсынды. «Ауруханада емделіп жатқан Мұбинаны қатты қызықтырған — ақ халат киген, үсті-бастары тап-таза аппақ, тұла бойларынан хош иіс шығатын, оқыған білімді және кішіпейіл, сөздері жұмсақ, адамның іші-бауырына кіріп тұрған дәрігер әйелдермен, күтуші медбикелер болды, олар өздері тіпті бауырмал, ұлты мен түсі басқа болса да, Мұбинаны жатырқамайтын, өз туысындай көріп күтті, емдеді, баурап алды. Жас қызға дәрігер қауымның сырқаттарға ғана емес, айналадағыларға да түгел мол мейіріммен, ыстық ықыласпен қарайтыны әсер етті. Осының өзі оның ақ желеңді абзал жандарға, медицинаға деген қызығушылығын тудырған. Осыларды көріп Мұбина, «әттең мен де осылар

“ **Алма Оразбаева, Мәдина Бегалиева, Мұбина Ниязова секілді оқыған қазақ қыздары Ордадағы өздерің секілді қыздардың құқығын қорғады. Қыз-келіншектерге арнап түрлі конференция өткізіп, ол жерлерде білім алудың маңызы, әйелдер гигиенасы, ана мен бала денсаулығын қорғау секілді мәселелерді көтерді.**

сияқты дәрігерлік мамандығын алып, халқыма қызмет етсем» — деп армандайды. Ақыры қайсар қыз дегеніне де жетті, болашағында дәрігер атанды», — дейді автор.

Осы кезде Мұбинаның ағасы Мұслим Астраханьдағы Гимна-



## ДАРХАН ДАРЫНДЫ

зияда оқуда болғандықтан, ауруханаға жиі келіп қарында-сының хал-жайын біліп тұратын-ды. Аурудан жазылып шыққан Мұбина ағасының қамқорлығы, кеңесімен қаладағы пәтерге жатып, оқытушы жалдап, орысша оқиды. Пәтерге орналасып, орыс тілін үйренеді. Осылайша, Мұбинаның білім жолы — тек қазақ тілінде ғана емес, шет тілдерін меңгеру арқылы да кенейді. Ас-

жолындағы маңызды қадам болды. Бұл кезеңде Гүлсім Асфандияровадан кейін қазақ қыздарының қатарында алғашқы кәсіби дәрігерлердің бірі болып шығуы — ел үшін үлкен қуаныш болды.

#### ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА АТСАЛЫСҚАН

Жас кезінен бастап ғылыми ізденістерге, өзекті мәселелерге бағынған Мұбинаның студенттік жылдары — студенттік митингтер, революциялық ой-сананың оянуы, патша режимінің әділетсіздігіне қарсы наразылық пен қоғамдық наразылықтардың жарқын көрінісі болды. 1917 жылы Орда қаласында тіс дәрігері болып қызмет ете бастағаннан кейін, Мұбинаның еңбек жолы тек медицина саласымен шектелмей, қоғамдық-саяси қызметте де өзіндік із қалдырды. Бұл турасында Елтай Танашевтің еңбектеріне кезек берелік: «Мұбина апамыз келесі, 1914 жылы осы Саратов қаласында орысша оқып жүрген Ахмет Ниязов деген азаматқа, өз қалауымен тұрмысқа шығады. Мұндағы Ниязов дегені — Алаш қайраткері, 1911 жылы «Алаш» атты газет шығаруды армандап екі рет Астрахань губернаторына өтініш жазған Батырқайыр Ниязовтың інісі Мірахмет (Ахмет) Ниязов. Жұбайы Мұбина да 1917 жылы оқуын бітіріп, қызметін

Ордадан бастады. 1918-1920-жылдары Қазақ атты әскер полкінің дәрігері болды. Мұбина Ниязова өзінің 1960 жылы жарияланған «Жас большевиктің сан-алуан еңбегі» естелігінде осы атты әскер полкінің Алма Оразбаевамен бірге қызмет істегенін жазады», — дейді автор.

Елтай Танашевтің жазуына, «Саратовта оқуда жүрген кезінде университет студенттерімен аралас-қатынасы жиілеп, Ниязовтар студенттік жиындарға белсене қатысып, сол кездегі социал-демократиялық партиямен тығыз байланыста болып, саясатпен де айналысады. Оған дәнекер болған Мұбинаның ері Ахмет Ниязов университеттің Дәрігерлер даярлайтын факультетінде оқығандықтан студенттердің жиналыстарына да Ахметпен бірге барып қатынасып жүрді. Кейбір студенттердің социал-демократ партиясымен байланыстары болғандықтан олар Саратовтың тұтқын үйінде жатқан жолдастарына азық-түлік апарып жасырын қатынас жасап

жүретінді. Алайда мұның соны қуғынға ұласты» дейді автор. 1916 жылы Патша үкіметі сотталған студенттерді параходқа тиіп, Сібірге жер аударады. Студенттер алған бетінен қайтпай, Саратов пристаны басында митинг өткізеді. Патша әкімшіліктеріне қарсы қыр көрсетіп, сөздер сөйлеп, оқушылар революциялық өлеңдер — «Марселезаны» — дауыстап жырлаған. Полициялар студенттерді қорша алып, бірқатарын тұтқындаған, олардың ішінде Мұбина да тұтқынға алынған. Ол екіқабат болғандықтан бір күннен кейін оны тәртіп сақшылары амалсыздан босатады.

1917 жылдың 24 ақпанында оқу жылы аяқталып, қолына «Тіс дәрігері» деген диплом алған Мұбина, сол жылдың қарашасынан Орал облысындағы Ордаға келіп, жолдасы Ахметпен бірге ауруханаға тіс-дәрігерлік жұмысына орналасып, ел-жұртын емдеумен қатар, сол жұртшылықтың ортасында мәдени-ағартушылық жұмыстармен де айналысады. Осында жүріп кейіннен көрнекті партия және мемлекет қайраткері атанған Алма Оразбаевамен танысты. «Тіс дәрігерлерінің мектебін бітіргеннен кейін 1917 жылы мен Ордаға келдім. Шамалы уақыт өткеннен соң бұл арада педагогикалық курсті бітірген екі мұғалима бар екенін естідім. Бұлар — Алма Оразбаева мен Мәдина Бегалиева еді. Мен Алмамен тұңғыш рет «Халық

үйінде» кездестім. Драма үйірмесін ұйымдастыру жүріп жатқан, оның жұмысына Алма белсене қатынасты, сонымен қатар өзі де көптеген рольде ойнаған-ды», — дейді өзінің «Жас большевиктің сан алуан еңбегі» атты мақаласында Мүбина.

Алма Оразбаева, Мәдина Бегалиева, Мүбина Ниязова секілді оқыған қазақ қыздары Ордадағы өздері секілді қыздардың құқығын қорғады. Қыз-келіншектерге арнап түрлі конференция өткізіп, ол жерлерде білім алудың маңызы, әйелдер гигиенасы, ана мен бала денсаулығын қорғау секілді мәселелерді көтерді.

### «ҚАЛЫҢ МАЛ МЕН КӨП ӘЙЕЛ АЛУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС»

Азамат соғысындағы қызылдардың жеңісінен кейінгі, алғашқы ашаршылық басталар кезіндегі 1921 жылдың көктемінде, Ордада жиын өтті. Аталған жиын жайлы Мәди-

«Мүбина апамыздың сан қырлы қызметі емдеу мен санитарлық іспен, мәдени-ағартушылық жұмыстармен ғана шектелмеді. Тіпті, ол 1920 жылдан 1925 жылға дейін Орал губерниясының сот жүйесінде қызмет етті. 1925 жылы Мүбина Ниязова губерния прокурорының орынбасары болып тағайындалды. Ал 1929 жылы астана Қызылорда каласына ауысқан шақта М.Ниязова республика Жоғарғы Кеңесінің мүшесі болып жұмыс атқарды», — дейді Елтай Танашев.

1937 жылы қазақ даласында үлкен өзгеріс басталды. Халықтың денсаулығын сақтау мен ана мен баланы күту мәселелері өзекті болған кезеңде, жана оқу орны — Республикалық акушер мектебі ашылды. Мүбина Ибрагимқызы осы оқу орнының тұңғыш директоры болып тағайындалып, қазақ қыздары мен ауыл-селодан шыққан жетім, жартылай жетім студенттерге кәсіби білім берудің есігін ашты. 1937 жылы Кеңес билігінің катал саяси репрессиялары кезінде



Сағыныштан туған, ана махаббатына арналған ән көп. Бірақ аналар мейрамында жыл сайын шырқалып, мерекенің символына айналған композитор Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыры» көпшіліктің жүрегін тебіrentіп келе жатқанына жарты ғасырдан астам уақыт болды. Бұдан кейін талай ән шықты, алайда «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» деп басталатын лирикаға толы жырдың өзегі әлі күнге тереңде, әлі күнге ғұмырлы. Оның бірден-бір себебі — «Ана туралы жыр» қазақ тілінде жазылып, жарыққа шыққан алғашқы әннің бірі болуында.

### А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ән автормен бірге жасайды, бірақ өлмейді. Өлмеуінің себебі бар. Ол — шынайы сезімнен тұғанда. Анаға деген сағыныш пен құрмет музыка тілінде ерекше өрнектелген ән — «Ана туралы жыр». Бұл елімізде ғана емес, әлемнің біраз елінде тәржімаланып, кей халықтардың тебірене шырқайтын әніне айналды.

### ТАҒДЫРЛАС ТАЛАНТТАН ТУҒАН ӘН

Композитор Шәмшінің есімі танымал болып, бірқатар әндері ел аузында айтыла бастағанда анасы ауыр дертке ұшырайды. Бірақ анасы дүние кемесіне мініп келмеске аттанған анасының топырағына Шәмші кеш жетеді. Композитор Қалдыбек Құрманәлінің айтуынша, ғұмырлы әннің тууының алғашқы қадамы осы қайғыдан кейін басталады.

— Бұл 1959 жылы жазылған. Сол жылы Шәмшінің анасы Сақыпжамал қайтыс болды. Шәмші ол кезде 29 жастағы бойдақ жігіт. «Келін түсіріп, қолыңызды ұзарта алмадым, сізге жағдай жасауға мүмкіндігім болмады, басыңызға да кербез күмбез қоя алмадым. Енді сізге әннен күмбез қоюға уәде беремін» деген Алматыға кетеді. Шаһарға келгеннен кейін дереу әннің сөзін кімге жаздыруға болатынын іздеп сұрастыра бастайды. Сол мезгілде Ғафу Қайырбектің де анасы қайтыс болғанын біліп, осы әннің сөзін жаздырған екен. Сонда қараңыз, қазақтың ірі лирик ақыны мен мықты композиторының тағдыры ұқсас болып тұр. Екеуінің де жүрегінен шыққан туынды кейін көптің жүрегіне жетті. Сөзі ойдан құрастырылып жазылған мәтін емес. Ол уақыт анасынан айырылып, қанаты қайысқан Ғафу Қайырбектің де, Шәмші Қалдаяқовтың да делсал болып жүрген кезі

болатын, сондықтан «Ана туралы жырдың» сөзі мен әні керемет үйлесім тапты, — деді композитор.

«Ана» тақырыбында қаншама ақын, композитор қалам тербеп, ән жазды. Солардың басында тұрған тұңғышы — «Ана туралы жыр». Бұл туралы композитордың көзі тірісінде кино түсірген режиссер Тілеген Ахметовтің «Қайран, Шәмші» деректі фильмінде де айтылады.

— Шәмші Қалдаяқовтың өзі «Ана туралы әнді бірінші мен жазған екем» дейді. Ана туралы басқа да жақсы әндер бар. Неге жоқ? Бірақ Шәмшінің әні сәтті шықты ғой. Композитор ретінде айтайын, кейбір әннің жазылуы адамның көңіл-күйіне, эмоциясына да байланысты. Қазақ музыка әлемінде ана туралы жазылған бірінші ән болғандықтан, әннің тағдыры мен тарихы ұқсас болғандықтан осы күнге дейін қанша буын алмасса да, 66 жылдан бері осы ән өз деңгейінен түскен жоқ. Ғұмырының ұзақ болуы осында. Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жырынан» басқа да әндерінің тарихы бар, «Менің Қазақстаным», «Сыған серендасы», «Дүнген қызы» сияқты әндері кімге арналғанын, қашан туғанын хабарымыз бар. Кейбір әндер тапсырыспен жазылады. Бірақ солай жазылған әнде не эмоция, не мағына болмай жүрекке жетпейді, — деп пайымдады Қ.Құрманәлі.

Композитор Қалдыбек Құрманәлінің айтуынша, анасының соңғы сапарына қатыса алмаған Шәмшінің әнін алғашқыда қуандық орнына сынағандар көп болған. «Шешесінің қайтыс болғанына келмегеннен кейін енді ән шығарудың керекі не?», «Анасының көзі тірісінде арнамаған әнді енді жаза ма?» деген сияқты жүрек жаралайтын сөздер көп айтылған екен. «Бірақ Шәмші олардың ешқайсысына мән бермеді. Себебі Сақыпжамал Шәмшінің анасы, ал анасын кім

қалай жақсы көреді — ол әркімнің еркінде. Сондықтан сын айтқанның бәріне Шәмші осындай керемет ән жазып аузына құм құйды», — дейді композитор.

### ҮНДІСТАНДА ШЫРҚАЛҒАН «ХАЛЫҚ ӘНІ»

1969 жылды Қазақстанның бірінші басшысы Д.Қонаев Үндістанға арнайы сапармен барады. Сонда делегация құрамын Ш.Қалдаяқовтың «Ана туралы жырымен» қарсы алыпты. Сонда Д.Қонаевтың көмекшілерінің бірі құлағына сыбырлап «Мынау біздің халық әніміз емес қой» десе, «Иә, білемін. Бұл — Шәмші Қалдаяқов деген композитордың әні» деген екен Қонаев. Әнгімесінің арасында осындай керемет дерек келтірген Қалдыбек Құрманәлі бірінші басшының сапардан елге оралған бойда Шәмшімен арнайы кездескенін айтты.

— Д.Қонаев елге келген кезде Алматыда жана салынған үйлер беріліп жатқан еді. Композитормен кездескеннен кейін хал сұрасып, жағдай біліседі. Содан композиторға жаңағы беріліп жатқан үйден үш бөлмелі пәтер берді, одан бөлек «Бақыт құшағында» атты жинақ кітабын шығарды. Шәмші ағаның жары Жәмила қазір сол шаңырақта тұрып жатыр. Шәмшінің шапағаты әлі күнге дейін сол үйде жаңғырып тұр, — деді ол.

1992 жылы қыркүйекте Шымкентте Шәмші әндерінің алғашқы байқауы өтті. Сол байқауға солтүстік өңірден келген филармония әншісі Құрман Шойынбаев «Ана туралы жырды» айтып гран-при жеңіп алды. Айта кетейік, аталмыш ән татар, моңғол, орыс және бірқатар тілге аударылып, үлкен сахналарда шырқалып жүр. Анаға ән арнау — анаға деген махаббат пен құрметті көрсетудің бір парасы ғана. Шын мәнінде, Төлеген Айбергенов айтқандай, «даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы».

# ДАЛАНЫҢ ДАНТИСІ

на Бегалиева «Алма Оразбаеваның өмір жолы» естелігінде: «...мұнда 70 делегат жиналды. Олардың қатарында Теңіз уезінің түпкірде жатқан ауылынан келген Дина Нүрпейісова да болды. Конференция Халық үйінде өтті, зал адамға лық толы болды, делегаттардан басқа Ордадан көптеген әйел қатынасты. Конференция Алма Оразбаеваның «Совет үкіметі әйелдерге не берді?» деген баяндамасын, Мүбина Ниязованың «Қалың мал мен көп әйел алуға қарсы күрес және аналар мен балаларды қорғау» деген баяндамасын тындады...» деп жазады.

Мүбина апамыз «Отанын сатқандардың отбасы» деген айыппен ұзақ уақытқа жазаланған. 1944 жылы босатылып, қайтадан өз қызметіне оралады.

Мүбина Ибрагимқызы Ниязова (Танашева) — қазақ халқының медицина саласындағы өркендеуіне, әйелдердің кәсіби даму жолының ашылуына және әлеуметтік әділеттіліктің орнауына зор үлес қосқан қайраткер. Оның өмірі мен қызметі қазіргі Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің негізін қалаушы, ұрпаққа үлгі болатын тарихи тұлға ретінде мәңгі есте қалады.

### Түйін:

Жалпы ілім-білімге жол ашып, алғашқы қарлығаштар атанған қазақ арулары аз емес. Мәселен, қазақтың тұңғыш әйел-ұстазы, қазақ қыздарына мектеп ашқан ағартушы — Хұсни-Жамал Нұралыханова, жоғары білім алып, диплом иеленген алғашқы әйел-дәрігер — Гүлсім Асфендиярова, қазақ даласындағы алғашқы журналист, аудармашы, этнограф, ұстаз — Нәзипа Құлжанова, қоғам қайраткері, қазақ әйелдерінің құқығын қорғау үшін ереуілге шыққан алғашқы әйелдердің бірі — Алма Оразбаева, қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш инженер-металлург — Мәдина Бегалиева, Жоғарғы соттың алғашқы әйел төрағасы — Нағима Арықова, қазақтың тұңғыш биолог қызы — Нәйлә Базанова, қазақтың тұңғыш геолог қызы — Патшайым Тәжібаева қазақ тілі саласындағы тұңғыш ғалым қыз — Аққал Қалыбаева, қазақтан шыққан тұңғыш балерина — Нүрсұлу Тапалова... Тізе берсек, тіпті көп. Демек, есімдері тұтас жұрттың тәрбие бесігіне айналған аналардың рухани тұғыры уақыт өткен сайын асқақтай бермек.



8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБИ

Болмысынан бауырмал қазақ әуелден жетімін жылатпаған халық еді. Жетімдік тағдырын бастан кешкен балаларды қанатының астына алып, жатырқатпай жақын тарта білді. Бүгінге дейін қоғамда осындай құндылықтардың сақталуы, арамызда мейірімді жан-дардың өмір сүруі көңілді қуантады. Сондай бір азаматтардың бірі – көпбалалы ана Жанар Байжұлдинова.



# ЖЕТИМДІ БАУЫРЫНА БАСҚАН ЖҮРЕК

**А** Алтынай  
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Аяулы ана осы уақытқа дейін үш сәбиді дүниеге әкелсе, одан бөлек 12 баланы қамқорлығына алған. Қазір бауырына басқан балалардың ішінде бесеуі Жанар ханыммен бірге өмір сүреді. Себебі жеті бала кейіннен биологиялық ата-анасына тапсырылған. Қазір олар өз ата-анасымен бірге тұрады. Жанар ханым балаларды асырап алу туралы шешімді саналы түрде қабылдағанын айтады.

– Бала асырап алу туралы шешім әлемде махаббат пен қолдауды қажет ететін бала көп екенін терең түсінудің нәтижесінде қабылданды. Мен әрқашан балаларға болашақта қалыпты өмір сүру мүмкіндігін беру, олар үшін бақытты және сенімді болып өсетін отбасын құру қажет екенін сезіндім. Бұл процесс мен үшін тек шешім емес, өмірлік миссияға айналды. Екінші баламды дүниеге әкелер алдында күйеуіме бала асырап алуды ұсындым, бірақ ол үзілді-кесілді қарсы болды. Бір жылдан кейін Даниал есімді ұлымды өмірге әкелдім, бірақ ол туғаннан кейін бірден күйеуіммен ажырастық. Мен шешімді енді өзім қабылдай аламын деп шештім. Бұл туралы тек үлкен қызым Аружанмен ақылдастым, ол кезде қызым тоғыз жаста еді. Даниалға эпиплезия, БЦП және аутизм диагнозы қойылған. Аружан екеуіміз балаға көмектесудің жолын қарастырдық, бәлкім бұл Даниалдың еміне шипа болар деген ниет болды. Дарияжанды асырап алғаннан кейін бір жылдан соң Даниал аутизмнен басқа барлық диагноздан құлан таза айықты. Соның нәтижесінде 2012-2020 жылдар аралығында балалар үйінен 12 баланы асырап алсақ, қазір оның жетеуі биологиялық туыстары мен ата-анасының қолында тұрады. Осы мақсатқа жету үшін жолдасым екеуіміз көп күш-жігер жұмсадық. 2017 жылы асырап алған баланың бар-

лығымен Жәнібек есімді азаматқа тұрмысқа шықтым. Ұлым Даниалдың басты мәселесі адамдармен араласу болғандықтан, оның айналасымен байланыс құруына балалар көмектескенін жоққа шығаруға болмайды, – деді ол.

## БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕСІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ – БІРІНШІ ОРЫНДА

Қазір қамқорлыққа алынған балалар өз жасы мен қызығушылығына сай білім алады. Жанар ханымның айтуынша, олар отбасында қамқорлық пен мейірім көріп өсіп келеді. Бүгінде ортаға бейімделген балалар өзін жанұяның бір бөлігіне айналғанын сезінеді. Кейіпкеріміз жолдасы екеуінің балалардың денсаулығына, толыққанды білім алуына және жеке тұлға болып қалыптасуына қажетті бар-



**Соның нәтижесінде 2012-2020 жылдар аралығында балалар үйінен 12 баланы асырап алсақ, қазір оның жетеуі биологиялық туыстары мен ата-анасының қолында тұрады.**

лық жағдайды жасауға тырысатынын жеткізді.

– Мен махаббат пен қамқорлық жай сөз ғана емес, күн сайын іс-әрекетпен көрсетілетін құндылықтар екенін үйрендім. Балаларды физикалық қорғаныспен қамтамасыз ету ғана емес, олардың ішкі күш-қуатын, өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектесу маңызды екенін түсіндім. Сондай-ақ әр баламен жеке жұмыс істей отырып, төзімділік пен икемділік танытуды үйрендім. Балалармен

өткізген әрбір күн жаңа тәжірибе мен сынақ дер едім. Мен бұл тәжірибе үшін алғыс айтамын. Әр балаға көңіл бөлу үшін күнімді жеке әңгімелесуге, бірге ойын ойнауға уақыт жететіндей етіп ұйымдастыруға тырысамын. Әр баламен өткізетін уақытты бағалаймын. Олардың сезімдерін тыңдауға, күмән мен қуанышқа толы сәттерінде қолдау көрсетуге дайынмын, – деді Жанар ханым.

Дегенмен көпбалалы ана алғашқы кезде балалардың бейім-

делу кезеңі оңай болмағанын, әр баланың өзіндік ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оларға сәйкес тәсілді табу қиындық тудырғанын жасырмады.

– Кез келген көпбалалы жан-ұядағыдай бізде де балаға көңіл бөлу мен тұрмыстық мәселелерді шешу арасында тепе-теңдік сақтау қажеттілігі туындады. Әсіресе, балалардың отбасымызға бейімделуі қиынға соқты, себебі олардың ішкі қорқынышы пен күмәнін жету үшін көмек қажет болды. Мен ана ретінде балаларымыздың биологиялық отбасымен қарым-қатынасына деген ашықтықты қолдаймын. Бірақ балалардың мүддесі мен қауіпсіздігін әрқашан бірінші орынға қоямын. Жолдасым, ата-енем және биологиялық балаларым асырап алған балаларыма шынайы махаббатын көрсетіп, қамқорлық танытады, тіпті өз бала-

балаларымыздың өміріне белсене араласады. Бұл ретте менің және жолдасымның ата-анасы да тысқары қалмай, балаларды тәрбиелеуге көмектеседі. Біз әрбір бала өзін маңызды және қоғамға қажет екенін сезініп өсу үшін үйдегі махаббат пен қолдауға толы атмосфераны бірге құрамыз. Мен әркез жетім балаларға қол ұшын созуға ашықпын, – деді ол.

Жанар Байжұлдинова кейінгі кездері олардың көпбалалы отбасына позитивті көзқарасы байқалатынын, адамдар көпбалалы отбасы болудың маңыздылығын түсініп қана қоймай, асырап алған балалардың ортаға бейімделу мәселесіне көбірек назар аудара бастағанын атап өтті.

– Елімізде көпбалалы отбасыларға мемлекеттен де, қоғам тарапынан да қолдау көрсетіледі. Әрине, бұл бізді қуантады әрі жұмысымызды жалғастыруға ынталандырады. Алайда көпбалалы аналардың құқықтары заң деңгейінде қорғалғанымен, іс жүзінде көпбалалы отбасыларға барлық қажетті қолдауды алу

лары ретінде қабылдайды. Біз үшін биологиялық және асырап алған балалар арасында ешқандай айырмашылық жоқ, – деді жанашыр ана.

## «ЖЕТИМ БАЛАЛАРҒА ҚОЛ ҰШЫН СОЗУҒА АШЫҚПЫН»

Қазір асырап алған бес баланың үшеуі кәмелет жасына толған. Алайда бұл ата-ананың уайымын азайтпайды, керісінше, одан сайын жауапкершілікті арттыра түседі. Жанар ханым олардың аяққа тұрып, өзін-өзі қамтамасыз ете алатын азамат болып қалыптасуына ата-ана ретінде қолдау көрсетуіміз тиіс дейді.

– Жолдасым Жәнібек бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Ол маған шешім қабылдауда үнемі қолдау көрсетіп,

қиынға соғады. Менің ойымша, құқықтарды жүзеге асыруда көбірек күш-жігер жұмсау қажет, сонда ғана бұл көпбалалы аналар үшін шынайы қолдау болар еді. Балаларды тәрбиелеуде қиындыққа тап болған ата-аналар үшін көмек пен кеңес алуға мүмкіндік беретін қолдау жүйесін құру маңызды. Өмірдің қиын жағдайына тап болған балалар құқығының қорғалуына көбірек көңіл бөлуіміз тиіс, – деп сөзін түйіндеді Жанар Байжұлдинова.

Жанар ханым тәрбиелеп отырған ұл-қыздарының келешекте қоғамға оң өзгерістер әкелетін сенімді тұлға болып қалыптасуын, өзартынан мейірімділік, махаббат, қамқорлық сынды құндылықтарды, даналықты мұра етіп қалдырғанын қалайды. Қамқор ана балаларының болашағынан үлкен үміт күтеді.



**Көрерменге өзгеше бір жанрда, өзекті тақырыпты қаузайтын – «Жеті гүл» фильмі жол тартты. Кинокартинаның сюжетіне алтындай алты қызы бар қазақ отбасының оқиғасы арқау болған. Отағасы шежіресін толтыратын шекесі торсықтай бір ұл аңсайды. Күні бүгінге дейін ұрпақ жалғасы – тек ұл деп санайтын және осы төңіректе уайым шегетін отбасылар бар. Қоғамның сондай бір нәзік сырларын ақтаруға тырысқан лирикалық комедияның көрерменіне айтар ойы не болды?**



8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

«Любовь и голуби», «Москва слезам не верит» туындылары осы жанрға тиесілі. Негізінен, бұл жанр – экранның емес, сахнаның жанры. Лирикалық комедия көбіне алдымен сахналынып, содан соң экранизацияланып жатады. Біздің сценарийге әдемі үйлесе қалды. Оның үстіне, бұл жанр ерекшелігі сол – сюжетте антагонист болмайды. Шынайы өмірде де солай ғой: әрадамның өз шындығы, ішкі толғанысы бар. «Жеті гүлдің» әр кейіпкерінде өзіндік мінезі, болмысы, көрерменге айтар ойы, берер насихаты бар. Кинодағы барлық адамның ішкі әлемінде өзі ғана түсінер мұны мен сыры жағыр. Сол үшін фильмнен жаман кейіпкер таба алмайсыз. Әрқайсысын іштей ақтап аласыз. Кино бары-

таркатады, бұл кісі әйел болғанын, ел-жұрт ру басқарған соң «ата» деп кеткенін тілге тиек етеді.

«Фильмнің сюжетін тым қарапайым – бас кейіпкер Қуатқа әйелі тағы бір перзент сыйлап, ұлды болған екен деп аяқтағымыз келген жоқ. Себебі біздің о бастағы айтар ойымыз – ұл бала сүю қуанышы емес, қызды да Құдай беретінін және әр азамат қызғалдағына асқан жауапкершілікпен қарауға тиісті екенін жеткізу еді. Сценарий жазу кезінде Найманның ішіндегі Қаракерейден тараған Мұрын әжейдің тарихы жайлы естіп-білдік. Мұрынның ауылы деп кеткен бүтін бір ру ақжаулықты анандан тарап отыр және қазақта мұндай рулар жетерлік. Еліміздің мұндай тарихи айшықтығы сценарийдің соңына сәтті үйлесе кетті» – дейді Бұхар Марат.

Расында, ел шежіресінде Орта жүздің белді руы – Керейдің бір тармағы Абақ ана, Қыпшақтан шыққан Алтыншаш ана мен Қаракыз ана, Найманға келін болған Қызай ана, Арғын ішіндегі Енең ана мен Нұрбике ана, Тарақтыға келін болған Әлеуке ана, кіші жүздегі Алтын ана мен Ақкүлек ана және тағы басқа әйелден тараған рулар жетерлік.

ішкі арпалысы мен жан қалауына және «Құдай бергенін туып беріп жатырмын ғой, маңдайыма жазылмаса қайтесін?» дейтін Жұлдыздың да жанайқайына сендік. Фильмнің барысында ерлі-зайыптының екеуіне де жанашыр болып отырмын. Сондай-ақ алты қыздың тағдырына алаңдайсың. Ұлды болмадым деп бұлқан-талқан болып жүрген Қуатқа қыздары ренішін білдіре бастайды. «Біздің есімімізді құрттын» дейтін қыздары өз арасында бір-бірін «Мико, Пико» деп атайды. Сондай-ақ қыздың өкеге қамқорлығын қарапайым тұрмыс барысында сәтті көрсетеді. Сырттан келген әкесіне бірі сүйретпесін, бірі қол сұлгісін ұсынып, енді бірі суын беріп жатады.

Бір қызығы, жеті перзентті келіншек Жұлдыздың рөлін сомдайтын актрисаның шын есімі – Ұлболсын. Артист отбасында үшінші қыз екен, өзінен кейін тағы бір сіндісі бар, содан кейін інілі болған.

«Менің кейіпкерім Жұлдыз – ауыл-аймаққа сыйлы, мінезі жайлы, биязы, өзін толық отбасына арнаған, отбасының қас-қабағын бағып өмір сүретін, ұл туа алмай және сонысы үшін өзін кінәлі се-

# «Жеті гүл» - ЖЕТІ ҚАЗЫНА

**Айдана  
НҮРМҰХАН**

«Жеті гүл» – бас продюсер Бұхар Мараттың да, режиссер Дархан Кариповтің де алғашқы туындысы. Ал сценарийін ZER cinema авторлар тобы – Бұхар Марат, Дархан Карипов, Нұржан Арман және Бақытжан Қахар жазды. Фильм сюжеті атадан қалған жалғыз ұл Қуат пен оның жұбайы Жұлдыздың отбасында өрбиді. Жас отбасының алты қызы бар – Ұлжан, Ұлпан, Ұлдана, Ұлмекен, Ұлболсын, Ұлжалғас. Қыздың несібесі – Құдайдан деп жатады ғой, бұл отбасының жағдайы жақсы. Қуаттың әкесінен қалған қора-қора малы бар. Бірақ ұрпақ жалғастыратын ұлы болмағандықтан, отағасының көңілінде қаяу бар. Алайда онысын сыртқа білдірмейді. Бәйбішесінің жетіншісіне аяғы ауыр. Қуаттың бұл баладан үміті зор еді. Елден қалмай гендер-пати ұйымдастырып, достарын қонаққа шақырған отбасында үлкен жаңалық болды. Жасырылған шардың ішінен көк түсті жылтырақтар шашылғанда, ұл күткен әкенің қуанышында шек болмайды. Алайда ай-күні жеткен келіншек перзентханада жетінші перзентінің қыз екенін біледі. Ұл аңсаған күйеуінің көңілін қалдыруға әрі шаңырағын шайқалтып алуға қорыққан әйел өзімен қатар ұл туған ауылдас әйелді ақшаға көндіріп, бір күнге баласын алмастырып шығуға бекінеді. Қоғамда кей жануар бір перзентке зар болып жүргенде, Құдай берген қыздың бағасына жете алмай жүрген отбасылар, ондағы ер мен әйелдің шындығы, ішкі толғанысы, бір ұл үшін есімінен бастап бүтін тағдыры бұзылған қыздың

өкпе-реніші «Жеті гүлдің» идеясына түрткі болды.

«Фильмнің сценарийі әп-сәтте жазыла салған жоқ, бір жылдың үстінде ізденісте жүрдік. Бұл туындының сюжеті ойдан құрастырылған жоқ, фильмдегі әр кейіпкер өмірде бар, тіптен жиі кездеседі. Әрқайсымыздың таныс-тамыр, туыс-бауыр, дос-жаранның, әйтеуір бірінде осыған ұқсас тағдыр бар. Сондай-ақ әке мен қыз қарым-қатынасының маңызын жеткізуге тырыстық. Лирикалық комедия жанрында түсірілген бұл фильмде отбасы құндылығы, әке тәрбиесі, қыз кәдірі сияқты тақырыптарды қозғай отыра, қарапайым адам ішіндегі сан алуан арпалысқа толы сезімдердің қақтығысын көрсетуге тырыстық», – дейді бас продюсер Бұхар Марат.

## НЕГЕ ЛИРИКАЛЫҚ КОМЕДИЯ?!

«Жеті гүл» туындысы лирикалық комедия жанрында түсірілді. Сценарий авторларының айтуынша, фильмнің жанрын таңдау онай болған жоқ.

«О баста аталмыш проблема драма жанрында сөйлеуге сұранып тұрғандай еді. Алайда драма көрерменнің қолына аса қона бермейді. Ал тұтас комедия қылуға тағы келмейді. Ұл аңсайтын әкенің мұңында, көкесі мен қызының нәзік қарым-қатынасында, көп қызы бар отбасының сырлында айтар ой, астарлы әлем жатыр – оны тек әзіл-құлкінің айналасында ұсына алмайсың. Әрі коммерциялық жоба болған соң оның көрерменге өтімді болуын тағы ойлайсың. Зерттей келе, біз лирикалық комедия жанрына тоқтадық. Кезінде танымал болған



«Фильмнің сценарийі әп-сәтте жазыла салған жоқ, бір жылдың үстінде ізденісте жүрдік. Бұл туындының сюжеті ойдан құрастырылған жоқ, фильмдегі әр кейіпкер өмірде бар, тіптен жиі кездеседі.

сында ұлын құшағына басқан бас кейіпкер Қуат өзінің алты қызына қаталдық танытып кетуінің өзін фильм соңында түсінуге тырысасыз», – дейді сценарийі авторының бірі Бұхар Марат.

## АҚАЙ АНА. ӘЙЕЛДЕН ТАРАҒАН РУЛАР

Фильмнің соңы ерекше аяқталады. Ұл аңсап жүрген Қуат жетінші перзенті қыз екенін естіген соң сағы сынып, бар байлығын сатуға бекінеді. Шежіресін толтырар, дәулетіне ие болар «ұлым болмаса, қора-қора малды кімге жиып жатырмын» деп налиды. Сонда әкесінің көзін көрген туыс ағасы Қуаттың шежіресін бастап тұрған Ақай атаның тарихын

## КЕЙІПКЕРЛЕР СЕНДІРЕ АЛДЫ

Фильмнің басты кейіпкерлерін ойнайтын актерлер сәтті таңдалған. Қуаттың рөлін Олжас Абай, ал Жұлдызды Ұлболсын Шалқарова сомдайды. Бас продюсердің айтуынша, актерлер кастинг арқылы таңдалған. Бас рөлде елімізге танымал бірқатар артист бағын сынап көрген. Драма әрі комедия жанрында өзіне сендіре алған қос актер басты рөлге бекітілді. Алты қыздың рөлін сомдаған қыздар да кастинг арқылы таңдалған, олардың төртеуі бұған дейін де басқа жобаларда бой көрсетіп жүрген болса, екеуінің дебюті болды.

Бас кейіпкерді шынайы ойнай білгені соншалық, Қуаттың да

зінетін әйел. Осындай шарасыз әйелдің кейпін сомдау, болмысын ашу, уайымын жеткізу үлкен жауапкершілік жүктегені рас. Түсірілім барысында тұңғышыма жүкті едім, аналық сезімін, күйзелісін ашуға барынша тырыстым. Есімімді атам қойған, менен кейін ұл қалаған, соған ырымдаған деседі. Әйтсе де, отбасымызда барлық қыздың аты «ұл»-дан басталмайды. Сондай-ақ, фильмде Қуат қыздарына қаталдық көрсетеді. Ал біздің өмірімізде мұндай жағдай орын алмады. Осы түсірілімге дайындалып жүргенде аманмен тілдескенім бар, сонда әкеміз қыздары болғанына көңілі құлазымаған, десек те, ұлды болғанда перзентхананың басына көтеріп қуанған екен», – дейді актриса Ұлболсын Шалқарова.

## Түйін:

Фильмде ұлды болдым деп қуанышы қойнына сыймаған Қуат асылтұқымды буаз бие сатып алады. Асылдан құлын алып жүйрік баптауға бекіген кезінде әлгісін қасқа жылқы теуіп, өлтіріп қояды. Және Қуаттың ұлды болғанын естіген туыс ағасы атқамінеріне арнайы қамшы өріп, сыйлайды. Жетінші перзенті ауылдасының баласы екенін білгенде сол қамшысы сынады. Дебют алған режиссер комедияда жалаң пәлсапа, жауыр болған мораль емес, қоғамның өзекті проблемасын осындай көркемдік деталь арқылы беруге тырысқан әрі сонысымен тартымдылығы арта түскен.

8 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Біз тілге тиек еткен киелі мекен Қызылорда облысына қарасты Жалағаш ауданының Еңбек ауылы. Бұл елді мекеннің еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін өте еңбекқор әрі өнерпаз. Олай дейтініміз, киелі мекеннің ақжаулықтары шаңырақтарын сәбидің шат күлкісіне бөлеп қана қоймай, «Батыр аналар» ансамблін құрып, ауыл аспанын әсем әуендерімен тербетіп жүр.

Қазір ауылда 43 алтын, 54 күміс алқа иегері тұрады екен. Бала бақытына бөленген ауыл аналары ең кемі 9 бала тәрбиелесе, арғысы 18 балаға жарық дүние сыйлап, жапырақ жайған бәйтеректей жайқалып отырған ерекше отбасыны да осы мекеннен табысыз.

Солардың бірі — 18 құрсақ көтерген Фатима анамызға ауыл халқының құрметі айрықша. Тұрмысқа 19 жасында шыққан әзіз ана саналы ғұмырын ауыл шаруашылығы саласына арнады. Ер-азаматқа тән ауыр жұмыстар атқарып, тынымсыз еңбек етті. Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп, балаларын аяқтандырып, 63 немере, 26 шөберенің қызығына кенеліп отыр.

Ауылдың өрісін кеңейтуге үлесін қосқан тағы бір батыр ана — Қантай Итенова. Бұл кейіпкеріміз де еңбекке ерте араласып, тағдырдың қилы кезеңдерін бастан өткізіпті. Ауылда жастайынан кара жұмыстың қазанында қайнады. Жұмыстың ауыр-жеңіліне қарамады. Бүгінде еселі еңбегінің өтеуі қайтып, құрмет төрінен көрініп жүр.

«Осы ауылға 1964 жылы келін болып түстім. Содан бері қарай жұмыс талғамай, «екі қолға бір күрек» дегендей, түрлі жұмыс істедім. Лай тасыдым, күріш алқабында тер төктім. Алланың сыйына бөленіп, 12 құрсақ көтердім. Жолдасым екеуіміз қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыңа шоқтырмай, 8 ұл, 4 қызды тәрбиелеп өсірдік. 12 құрсақтан 30-ға жуық немере, 15 шөбере сүйдік. Бүгінде балаларым өз алдына бір-бір отау болып, шама-шарқынша елге қызмет етіп жүр. Отағасым да туған ауылының өркендеуіне өлшеусіз үлесін қосты. Ғұмырының соңына дейін көлік жүргізіп, елге пайдасын тигізді. Алланың жазумен төрт жыл бұрын бақилық болды. Осы орайда айта кетсем, өзім күйбең тірліктің күймесінде жүріп, ауыл аналарының ұйытқы болуымен құрылған «Батыр аналар» ансамблінде солист болып, өнер көрсеттім. Түрлі мерекелік шарада ән шырқап, елдің құрметіне бөлендік. Еселі еңбегімізді ел бағалады. 45 жасымда зей-

Сыр өңірінде жергілікті жұртшылық «Батыр аналар ауылы» деп атап кеткен елді мекен бар. Ерекшелігі сол, бұл ауылда 100-ге жуық алтын құрсақты көпбалалы ана тұрады.



## «БАТЫР АНАЛАР» ӘН ШЫРҚАЙДЫ



неткерлікке шығып, ұл-қызымның, немере-шөберемнің қызығына кенеліп отырмын», — дейді алтын құрсақты ана.

Қантай әже қандай қиындық болса да мойынсынбай, адал еңбегінің арқасында балаларын аяқтандырып, ана бақытына бөленіп отырғанын жеткізді. Ұл-қыздарына тәлімді тәрбие беріп, елдің алғысына бөленді.

Қазір батыр ана үш ұлымен бірге тұрады. Үш келін жұмсап, балалары мен немереле-



ріне аналық та әжелік камқорлығын танытып келеді. Ел қатарлы тату-тәтті тұрмыс кешіп, ауыл халқына өнегелі отбасы ретінде танылды.

12 балаға өмір сыйлаған әжеміз бүгінде 76 жасқа қарайды. Алтын құрсақты ананың жас ұрпаққа айтар өсиеті көл-дария. Әрбір қазақ келіні тәңірдің тәтті сыйына бөленіп, өлшеулі өмірде ана бақытына кенелуіне тілектестігін білдіріп отырады.

Дәркүл Токабаева да ауыл халқына құрметті батыр ана. Жастайынан осы ауылға келін болып түсіп, кара шаңырақтың отын өшірмей, алтын асықтай ұл-қыздарын дүниеге әкелді. Тәңірдің қалауымен 11 құрсақ көтеріп, мәуелі бәйтерекке айналды.

«11 құрсақ көтердім. Жеті қыз, үш ұлды өмірге әкелдім. Балаларымнан 40 немере, 33 шөбере сүйіп отырмын. Балаларымның бәрі қанаттанып, өмірден өз орнын тапты. Тәубе етеміз. Құдай қосқан қосағым 85 жасын еңсерді. Өмір бойы ауылда трактор, ком-

байн айдап, ауыл шаруашылығының өркендеуіне сүбелі үлесін қосқан еңбек адамы. Өзім де ерте бастан еңбектің қазанында қайнадым. Ұл-қызымызды жеткізсек деп түрлі жұмыс істедім. Бүгінде сол бейнетімнің зейнетін көріп отырған жайым бар. Бала деген өміріңнің жалғасы, тәңірдің берген тәтті сыйы. Сондықтан әрдайым қыздарым мен келіндеріме баланы шектемендер деп айтып отырамын», — дейді Дәркүл әже.

Біз пікірлескен асыл аналарымыздың әрбірі «Батыр аналар» ансамблінде өнер көрсеткен. Алғаш құрылған жылдары ансамбльге өнерлі 19 ана қабылданған екен. Алақандай ауылдан құрылған шағын ансамбль уақыт өте келе облыс, республикаға танылып, түрлі сахна өнер көрсетуге мүмкіндік алады. Бүгінде ауылдың жас келіндері өнерлі әжелердің ізін жалғап, ансамбль жұмысын өрге сүйреп келеді.

«Өңір халқы ауылымызды алтын құрсақты аналар қоныстанған құтты мекен санайды. Соның ықпалы болар, ел ағаларының ұйытқы болуымен ауылымыздан шағын аналар ансамблі құрылып, жұмысын бастаған болатын. Нақты айтқанда, XIX партия конференциясының қарсаңында партком хатшысы Кеніш Жұмалиева, оқу ісінің үздігі, зейнеткер Орынқұл Балтабаева, совхоз директоры Ұзақ Еспанов,

ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Балдай Садықова, ауылдық мәдениет үйінің директоры Зоя Сейдуллаевалардың ақылдасуымен ансамбль 19 батыр анадан құрылады. Ең алғаш рет өнерлі аналар сол 1988 жылдың 7 наурызында ауылдық мәдениет үйінде концерт өкізіпті. Содан бері қарай қанша жыл артта қалса да, ансамбль өз жұмысын тоқтатқан жоқ. 2018 жылы ансамбльдің 30 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өтті. Қазір алтын құрсақты әжелеріміздің орнын жас келіндер басып, ансамбль құрамында өз өнерлерін көрсетіп жүр. Яғни, бүгінде «Батыр аналар» ансамблінің құрамында 14 жас ана ән шырқайды, — дейді бұл жайында ауылдық мәдениет үйінің әдіскері Бақыт Аяпова.

Жалпы, сәбидің шат күлкісіне бөленген берекелі ауылдың бірлігі бекем. Жыл сайын шілдехана мен тұсаукесер тойы жиі тойланып тұрады. Ең бастысы, бір шаңырақтың астында тұрып жатқан келіндер тату-тәтті тұрмыс кешіп жүр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы



# Жүз көктемнің КУӘГЕРЛЕРІ

Түркістан өлкесінде тұратын әйелдер саны 1,2 млн адамнан асады. Алтын құрсақты аймағымызда республикадағы әрбір бесінші бала дүниеге келеді. Облыста 183 мыңнан астам көпбалалы ана бар. Нәзікжанды жерлестеріміздің 68 мыңға жуығы шағын және орта бизнесте еңбек етеді. Мемлекеттік қызмет саласында бір жарым мыңнан астам аруларымыз жұмыс істесе, оның 15 пайыздан астамы бірінші басшы лауазымдарында қызмет атқарып, халық пен билік арасында алтын көпір міндетін атқарып, артылған сенімнің үдесінен шығып отыр.

**Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Түркістан облысы

Ал ғасыр куәгерлері болып отырған 100 жастан асқан 50-ден астам ана бар. «АМАНАТ» партиясының Түркістан облыстық филиалы жыл сайын ару көктемнің шуақты мерекесіне орай, облыс көлемінде ғасыр куәгерлері болған ардақты әжелерімізге құрмет көрсетіп, олардың ақжарма бата-тілектерін алады. Партияның «Ардагерлерді ардақтайық!», «Ұлттық мұра» жобаларының шеңберінде партияның өңірлік филиалының Әйелдер канаты аудан, қалалар бойынша 100 жас-



қа жеткен және одан асқан аналар туралы деректерді жинақтап, партиялық құрылымдар арқылы оларға мерекелік тартулар ұсынылатын болады.

Ақжаулықты аналарымыздың мерекесі қарсаңында партияның облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев Қазығұрт ауданына жұмыс сапарымен келіп, ғасыр куәгерлері болған асыл әжелеріміздің шаңырақтарына арнайы барды. Тамыры тереңге бойлап, бәйтеректей жайқалған әулеттердің нұры, олардың байлығы мен берекесі, шаңырақтарының шежіресі болып отырған ғазиз жандарға айрықша ілтипат көрсетіп, өңірдегі 84 мыңнан астам партияласымыз атынан терең сыйластықтың белгісі ретінде мерекелік тарту жасады.

Қарабау ауылдық округіне табан тіреген партия өкілдері, осы аймақтағы Жұмысшы елді мекені-

налған. Шөбере-шөпшектерін жырмен жұбатып, әнмен әлдилеп, ертегімен елігіп отырған әжеміз әулеттің ғана емес, тұтас аймақтың өнеге байлығына айналған. Осы ауылдық округтің Үшбұлақ елді мекенінде Тыныштық Толбаева апамыз да биыл 100 жастың беле-сіне кадам басыпты. Ғасырлық ғұмыр жолын басып өткен әжеміздің де кейінгі толқын жастарға айтар өсиеті көп. Елдің тыныштығы ең асыл қасиет деп бағалайтын әжеміз, перзенттерін адал еңбек етуге, білімді болуға, әр нәрсені ақылға салып, байыбына барып тұрып, нақты шешімдер қабылдауға шақырып тәбиеленген. Бұл отбасының мүшелері де үлкеннің өнегелі әңгімелерін тыңдап жетілген, дәстүрдің тағлымды жолын ұстанып, ұлт руханиятынан қол үзбей өніп-өскен.

Ал Қазығұрт ауылының байырғы тұрғыны Фатима Тулегенова әжеміз тура 8 наурыз күні – 105-ші

мейірімі мен адалдығы, үлкенге деген құрметі, қонақтарға көрсеткен жылы шырайлы қатынасы – көргені мен өмірден түйгені көп кейуананың берген тағлымды тәрбиесі деп топшыладық.

Осы жұмыс сапары аясында Алтынсары Дүйсенбекұлы өңіріміздегі ең көнекөз қария, абзал әже болып отырған 108 жасын толтырған Гүлзи Келесбаева әжеміздің де шаңырағына барып, ғазиз ананың ақ батасын алды. 1917 жылы дүниеге келген әжеміз бірнеше аумалы-төкпелі кезеңдердің куәгері болған асыл жан. Санамалап көрсек, Гүлзи әжеміздің көз алдында небір тарихи дәуірлер өткен екен. Ұжымдастыру кезеңі, нәубет жылдары, Ұлы Отан соғысының қиын күндері, тыл майданындағы табанды еңбек, соғыстан кейінгі жылдардағы аяқтан тұру кезеңі, тоқырау жылдары, қайта құру кезеңі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылық. Міне, осының бәрі Гүлзи Келесбаеваның көз алдынан өтіп жатты...

Облысымыздағы 100 жасқа толған және одан асқан кейуаналарға құрмет қошемет көрсету үрдісі барлық аудандық, қалалық филиалда жалғасын тауып жатыр. Бүгін партияның қадір-құрметіне бөленген аналарымыздың барлығы еңбекпен ысылған алдыңғы буынның жарқын өкілдері саналады. Оларды барға – қанағат, жоққа – салауат айтып, баянды болашағымыз үшін маңдай терін, табанды еңбегін адалынан сіңірген толқын деп білеміз. Бүгінгі жетістіктеріміздің бастауында аға ұрпақтың білекті қайраты, аналарымыздың жүректі шарапаты жатқанын ұғынып, олардың еңбегі алдында басымызды иіп тағзым етеміз, бүгінгі және алдағы толқын ұрпақтардың атынан ризашылығымызды білдіріп, алғысымызды айтамыз.



нің тұрғыны Такира Курбанованың үйіне барып, ұрпағына ұлағатты тәрбие көзі болып отырған ананы мерекесімен құттықтады. Такира апамыз 1925 жылы дүниеге келіп, биылғы қаңтарда 100 жасын толтырды. Асыл әжеден тараған ұрпақ бүгінде бір қауым елге ай-

көктемін қарсы алғалы отыр. Әулеттің ұл-қыздары, немере-шөберелері, шөпшектері айтулы күнге дайындықты қазірден бастап жүргізіп, қасиетті Рамазан айындағы ауызашар рәсімін өткізуге ниеттеніп отыр. Құтты шаңырақ иелерінің көрсетіп отырған ізет-ілтипаты,



Ұлттық қауіпсіздік қызметінің Шекара академиясында еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер аз емес. Солардың бірі – саналы ғұмырын әскери салаға арнаған тәжірибелі шекарашы, өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген, өнегелі тәлім-тәрбие беру ісінің білікті кәсіби офицері полковник Жұлдыз Жампейісова.

## Нәзікжанды ПОЛКОВНИК

Шекара академиясында өзіндік ойып тұрып орнын алған полковникті бәрі жақсы біледі. Өйткені ол – өзіне жүктелген жауапты міндеттің үдесінен шығып, шәкірт тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстаз. Ағылшын тілін жетік меңгертіп, дүниетанымдарын жетілдіруінің арқасында курсанттар ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, семинарларда, ғылыми сайыстарда жүлделі орындарды иеленіп, оза шауып келеді. Шет тілдер кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамымен ай сайын жоғары әдістемелік сабақтарды ұйымдастырып өткізу – оның ең сүйікті ісі. Шалғайдағы мемлекеттік шекараны қорғаушы болашақ маман офицерлерге тіл үйретіп, көкірегіне нұр шашқан кейіпкеріміз ұлттың айнасы болуға әбден лайықты. Жакында ғана оның тікелей жетекшілігімен Шекара академиясының курсанты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Фараби

әлемі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, жүлдегер атанды.

Кейіпкеріміз – ғасырға жуық тарихы бар ҰҚК Шекара академиясында қызмет атқара жүріп, «лейтенант» поғонынан «полковник» шеніне дейін жеткен қазақтан шыққан санаулы қыздардың бірі.

Өз ісіне жанымен берілген Жұлдыз Ғизатқызымен қызмет бабында жиі кездесеміз. Қызметінің әр минутын жүйелі пайдалануға, сабағына тиянақты дайындауға дағдыланған жан. Өзін-өзі дамытып, ғылым-білімге әбден қойған көзі ашық, көкірегі ояу тәжірибелі маман. Сонымен қатар кафедра, факультеттің, Шекара академиясының қоғамдық жұмыстарына да белсене атсалысады.

Жұлдыз Ғизатқызы өзінің жолдасымен Шекара академиясы-

ның қабырғасында оқып жүріп, өрімдей жап-жас курсант кезінде танысқан. Сол жылдары қос ғашықтың достығы үлкен махаббатқа ұласқан еді. Осылайша, отбасын құрып, алтын асықтай ұл мен күміс қасықтай қыз тәрбиелеген ата-анаға айналған қос полковник бүгінде үлгілі әулетке айналды.

Бүгінде күнтізбелік әскери қызмет өтілі 25 жылдан асқан нәзікжанды полковник өзінің шекарашы мамандығын таңдағанын мақтан тұтады. Иә, ептілік пен қайсар мінезді талап ететін әскери салада қызмет атқару екінің бірінің қолынан келе бермейтін үлкен еңбек деп білеміз.

**Жанат ЖАБЫРБЕКОВ,**  
ҰҚК Шекара академиясының  
баспасөз хатшысы

